Сарқылмасын Сыр - Ана!

# Ақмешіт ақшамы

№35 (1790) 28 тамыз 2025 жыл Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

# ҮНЕМДЕУДІҢ ҮЛГІСІ

**Қызылорда қаласындағы Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында әлеуметтік салаға бағытталатын бюджет қаражатын тиімді пайдалану туралы республикалық семинар-кеңестің секциялық отырысы өтті.**

Бұдан бұрын өткен Үкімет отырысында Үкімет басшысы Олжас Бектенов Қызылорда облысының қаражатты тиімді пайдалану тәжірибесін республикаға үлгі ретінде қолдануды тапсырған болатын.

Жиында әлеуметтік саладағы маңызды бастамалар талқыланды. Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан, Денсаулық сақтау вице-министрі Ардақ Амангелдиев, Туризм және спорт вице-министрі Бауыржан Рапиков, Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдықов, Құрылыс және ТҮКШ істері комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қанат Мыңбаев, «Отбасы банк» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова, «НИТ АҚ өкілі Әділет Айсаутов күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты сөз сөйледі.

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану, үнемдеу бағытында атқарылған жұмыстар мен қабылданған шаралар туралы облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбет баяндама жасады.

Қызылорда облысының тәжірибесін өңірлерге үлгі етіп көрсету зор сенім мен үлкен жауапкершілік жүктейді.

Қызылорда облысында соңғы 3 жылда білім, мәдениет және спорт салаларына бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуына жүргізілген мониторинг қорытындысымен бюджеттің бірқатар шығысы ықшамдалды. Қаржылық заңсыздықтың алдын алуда нақты шаралар қабылданды.

Балабақшалардағы мемлекеттік тапсырыстың тиімді игерілуіне 2023 жылдан бері қолданысқа енгізілген «Фейс-бақылау» мобильдік қосымшасы арқылы бақылау жүргізілді. Нәтижесінде балабақшаларға жалған тіркелген балалар белгілі болды. Сонымен қатар 2023-2025 жылдары осы мобильдік қосымша арқылы балалардың күнделікті балабақшаға келуін қадағалау, емхананың жалған анықтамаларын анықтау, негізсіз демалыс күндерін анықтау есебінен 41 млрд. теңге үнемделді.

Орта білім беру саласында да бірінші кезекте мектептердегі сынып жиынтықтары мен оқушылардың толымдылығы зерделенді. Екі жылда 76 сынып жиынтығынан 968 млн. 900 млн.теңге ықшамдалды.

Мектеп директорлары жұмысты өз дәрежесінде орындамағандықтан, сағат бөлінісінде кемшіліктерге жол бергендіктен толық емес жүктемемен еңбек ететін адам саны 5000-ға жеткен. Артық штаттық бірліктер, толық емес жүктемемен жұмыс істейтін қызметкерлер санын қысқарту үшін жаңа орындар ашуды түбегейлі тоқтатуға уақытша мораторий жарияланды. Бүгінде толық емес жүктемемен еңбек ететін 975 штаттық бірліктегі 3762 педагогтің мәселесі шешімін табуына байланысты 6 млрд. 200 млн. теңге үнемделді.

Сондай-ақ, облыстағы 7 бастауыш, 7 кешкі мектептің желісі қысқартылып, жыл сайын 720 млн. теңге көлемінде үнемделуде.

Атқарылған шаралар және басқа да шығыстарды қайта қарау нәтижесінде жалпы 15 млрд. 600 млн. теңге ықшамдалды. Бұдан бөлек, сұйық отынмен жылытылатын 198 білім беру мекемесіне 1 жылға қаралатын 5 млрд. теңгенің мақсатты жұмсалуы да қатаң бақылауда.

Соңғы үш жылда 7,8 млрд. теңгеге 24 мектеп күрделі жөндеуден, 2,6 млрд. теңгеге 79 мектеп ағымдағы жөндеуден өтті. Оған қоса 22,9 млрд. теңгеге 6 мектепке қосымша ғимарат, 12 жаңа ғимарат салынды.

Білім беру мекемелері 3,5 млрд. теңгеге пәндік кабинет, интерактивті панель, ЛЭД экран және робот құрылғылармен қамтылды, 2,1 млрд. теңгеге қауіпсіздікті қамтамасыз ету, яғни бейнебақылау жүйелері, турникет, дабыл нүктелері орнатылды,

861,6 млн. теңгеге жылу жүйелері жаңартылды. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында ашылған жаңа мектептер мен басқа да жаңа нысандарды ұстап тұру қаржысы жыл басында бекітілген қаржыны оңтайландыру арқылы жүзеге асырылуда.

Балаларға арналған шығармашылық және спорттық тапсырысты қолдауға 2021-2025 жылдарға 28,6 млрд. теңге қаралып, 12,6 млрд. теңге игерілді. 2023 жылдан бері 13 млрд. теңгесі, биыл 9,6 млрд. теңге бөлініп, оның 6 млрд. теңгесі бюджетке қайтарылды. Игерілгені 616,5 млн.теңге (спорт – 211,1 млн. теңге, мәдениет – 405,4 млн. теңге).

Қалған 2,7 млрд. теңге шілде айында мәслихат шешімімен облыстық білім басқармасына ауыстырылды. Себебі 1 маусымнан бірыңғай мемлекеттік тапсырыс пилоттық жобасы іске асырылуда. Оңтайландыру арқылы үнемделген бюджет қаражаты әлеуметтік маңызды мәселелерге, оның ішінде әлеуметтік нысандар салуға бағытталуда.

Ықшамдалған қаржы білім сапасын арттыруға инвестиция ретінде қайта құйылуда. Басқа салаларда да бюджет қаражаты үнемделіп, ықшамдалып бірінші кезектегі мәселелерді шешуге жұмсалып келеді.

Биыл облыс бюджеті 823 млрд. 400 млн. теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 226 пайызға өсті. Оның 477 млрд. 600 млн. теңгесі (58%-ы) әлеуметтік салаға бөлінді. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда.

### Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

# ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ, АДАМИ БОЛМЫСЫ ЕРЕКШЕ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбеновті 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтады. Мерекелік басқосуға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы мерейтой иесінің еңбек жолына тоқталып, ізгі тілегін жеткізді.

– Еліне адал қызмет етіп, сый-құрметке бөленген Мұрат Абдуламитұлының тұлғалық келбеті, адами болмысы ерекше. Еңбек жолын қарапайым мұғалімдіктен бастап, Мәжіліс депутатына дейін сан түрлі қызметтерді абыроймен атқарған азаматқа арнайы құрмет көрсетуге жиналдық.

Мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен білікті басшы, мықты ұйымдастырушы ретінде өзіңізді Сыр жұртшылығы жақсы біледі.

Туған жерде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша басқармасының бастығы, облыстық ішкі саясат департаментінің директоры, Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы, облыс әкімінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, халықтың алғысы мен зор құрметіне бөлендіңіз.

Елордамыз Астанада «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасындағы басқарушылық қызметте, Парламент Мәжілісінің төртінші, бесінші, сегізінші шақырылымдарының депутаты, Білім және ғылым вице-министрі ретінде еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қостыңыз.



«Серпін-2050» әлеуметтік жобасының республикалық үйлестіру кеңесіне жетекшілік еткен кезеңде бағдарлама еліміздегі ең танымал әлеуметтік бастамалардың біріне айналды.

Жоғары лауазымды қызметтерді атқарумен қатар, медиа саласында да ұтымды жобаларды жүзеге асырып, ақпарат кеңістігінде қоғамдағы өзекті мәселелерді көтердіңіз.

Қазіргі таңда Мәжіліс депутаты ретінде халықтың әл-ауқатын жақсарту, облыстық бюджет қазынасын арттыру, кезек күттірмейтін әлеуметтік мәселелерді шешу жолында қызмет етудесіз.

Ақ пейілді жерлестеріңіздің атынан Сізді бүгінгі мерейлі жасыңызбен шын жүректен тағы да құттықтап, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, қызметіңізге толағай табыс тілеймін», - деді Н.Нәлібаев.

Жиында мерейтой иесіне облыстың ең жоғары марапаты - Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталып, сый-құрмет көрсетілді.

Қызылорда облысының құрметті азаматтары Бекмырза Еламанов, Биғали Каюпов, Дайрабай Ысқақов Мұрат Әбеновтің қызмет жолындағы жетістіктеріне тоқталып, Руслан Рүстемов құттықтауын жеткізді.

Кездесу соңында Мұрат Абдуламитұлы көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта да егемен еліміздің мүддесіне қызмет ете беретінін айтты.

# КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СЫР БОЙЫНА САПАРЫ



Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Темiржанов Мұрат Баритұлы арнайы жұмыс сапарымен Қызылорда облысына келді.

Іссапар барысында жер ресурстарын тиімді пайдалану, жер қатынастарын дамыту, жер кадастрлық жұмыстарын жүргізу және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану мәселелерін талқылап, сала мамандарымен және жергілікті атқарушы органдар өкілдерімен кездесті. Жергілікті департаменттің көкейінде жүрген бірқатар маңызды мәселелердің оңтайлы шешілуіне ықпал жасады.

Сонымен қатар, облыстағы бірқатар нысандарды аралап, жер ресурстарын цифрландыру, жердің пайдаланылуы мен қорғалуы бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Комитет төрағасы сапар қорытындысымен бірқатар нақты тапсырмалар беріп, жер ресурстарын басқару саласында тиімді шараларды қабылдаудың маңыздылығын ерекше атап өтті.

**Қызылорда облыстық жер ресурстарын басқару департаменті**

# ОЛАРДЫҢ МАХАББАТЫ АЖЫРАМАС ТҰТАСТЫҚ ЕДІ...

5-бетте

# ҚАЗАЛЫНЫҢ ӘКІМІ КІМ БОЛАДЫ?

«AMANAT» партиясы Қазалы аудандық филиалының кезектен тыс конференциясы өтті. Жиынға аудандық филиалдың Саяси кеңесі мен Бюро мүшелері, партия ардагерлері, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен мүшелері және «Жастар рухы» жастар қанатының өкілдерін қамтыған 100-ден астам делегат қатысты.

Күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Алдымен аудан әкімінің міндетін атқарушы Жалғас Сүйеубаев есепті мерзімде партияның сайлауалды бағдарламасын іске асырудың өңірлік Жол картасының Қазалы ауданы бойынша орындалуы жөнінде есеп берді. Бұдан соң аудандық филиалдың Атқарушы хатшысы Нұрғиса Жалғасбаев партия филиалымен жыл басынан бері атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады.

Жиында қаралған негізгі мәселе 2025 жылдың 28 қыркүйегінде өтетін Қазалы ауданы әкімінің сайлауына «AMANAT» партиясы атынан кандидат ұсыну туралы болды. Делегаттардың дауыс беру қорытындысымен Қазалы ауданының әкімі лауазымына «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлының кандидатурасы бекітілді.

Конференция барысында партияның аудандық филиалының төрағасы Ғазиз Әліш Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған әкімдерді тікелей сайлау жүйесінің елді демократияландыру жолындағы тарихи қадам екенін атап өтті:

- Әкімдерді тікелей сайлау – саяси реформалардың маңызды бөлігі. Соның нәтижесінде соңғы үш жылда еліміздегі ауыл әкімдерінің 72 пайызы жаңадан сайланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы Жолдауында аудан әкімдерінің де халық тікелей таңдауымен сайланатынын мәлімдеген болатын. Бұл ел дамуына серпін беретін маңызды өзгеріс, – деді ол.

Мұнан соң партия атынан ұсынылған кандидат Алмасбек Әбілқасымұлы Есмаханов сөз алып, артылған сенім үшін партияластарға алғыс білдіріп, алдағы сайлауда жүктелген міндетті абыроймен атқаруға жұмыс жасайтынын атап өтті.

Сондай-ақ, аудандық партия филиалы Саяси кеңесі Бюросының мүшесі, қоғам қайраткері Самұрат Имандосов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов үміткерге сәттілік тіледі.



# ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 27 тамыздағы №79 қаулысына сәйкес, №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда қаласының шығып қалған мәслихат депутатының орнына сайлау 2025 жылғы 26 қазанға тағайындалды.

Кандидаттарды ұсыну 2025 жылғы 27 тамыз – 2025 жылғы 25 қыркүйек күні сағат 18:00 аралығы; кандидаттарды тіркеу 2025 жылғы 27 тамыз – 2025 жылғы 30 қыркүйек күні сағат 18:00-ге дейін болып белгіленді.

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы**

# ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛАМЫЗ

Қазіргі таңда интернеттің кеңінен дамуы адамдардың өмірін жеңілдетіп қана қоймай, түрлі кибер қылмыстарға жол ашты. Соның ішінде интернет-алаяқтық ерекше өзектілікке ие. Азаматтардың қаржылық қауіпсіздігін сақтау және қоғамда цифрлық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ақпараттық ілгерілету жұмыстары маңызды рөл атқарады.

Интернет-алаяқтықтың алдын алу бойынша ақпараттық ілгерілету жұмыстарын жүргізу.

Біріншіден, әлеуметтік желілерде жүйелі ақпарат тарату қажет. Facebook, Instagram, TikTok, Telegram секілді платформаларда алаяқтық түрлері мен олардан қорғану жолдарын түсіндіретін бейнероликтер, инфографикалар және қысқа мәтіндік хабарламалар жариялануы тиіс.

Екіншіден, дәстүрлі БАҚ-ты пайдалану маңызды. Теледидар мен радио арқылы ескерту сипатындағы бейнероликтер мен бағдарламалар ұйымдастыру, сондай-ақ республикалық және аймақтық газеттерде түсіндіру мақалаларын жариялау алаяқтықтың алдыналуға ықпал етеді.

Үшіншіден, білім беру мекемелерінде ақпараттық тренингтер өткізу керек. Мектеп пен жоғары оқу орындарында кибер қауіпсіздікке арналған ашық сабақтар ұйымдастыру жастардың саналы интернет қолданушы болуына көмектеседі.

Ақпараттық ілгерілету жұмыстарын жүргізу шеңберінде қоғамға қолжетімді әрі түсінікті тілде ақпарат жеткізу аса маңызды. Интерактивті форматтарды қолдану – онлайн-викториналар, анимациялық бейнелер, подкасттар арқылы аудиторияның қызығушылығын арттыруға болады. Сонымен бірге танымал блогерлер мен қоғам белсенділерін тарта отырып, «сенімді тұлға» арқылы ақпарат жеткізу тәсілі тиімді нәтиже береді.

Интернет-алаяқтықтың алдын алу тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Ақпараттық ілгерілетуге негізделген жүйелі жұмыстар азаматтардың санасын арттырып, олардың қауіпсіз интернет кеңістігінде өмір сүруіне жағдай жасайды.

**Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты**

# КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР БАҒАСЫ ҚАНДАЙ?

**Биыл Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті сумен және жылумен жабдықтау, «Нұра топтық су құбыры» Аралда салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы» қызметтерінің тарифтерін бекітті. Сондай-ақ, бірыңғай жеткізуші - «Қызылорда электр тарату тораптары» жұмыс істей бастады. Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Зура Сардарбек Өңірлік коммуникациялар қызмет алаңында брифинг берді.**

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділ Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» жолдауында коммуналдық қызметтерді есептеу мен төлеуге жаңа тәсілді енгізу көзделіп отырған «көп тұтынасың – көп төлейсің» қағидаты бойынша коммуналдық ресурстарды тұтынудың нақты нормаларын енгізу тапсырмасы бойынша 2024 жылы табиғи монополиялар саласында, оның ішінде сумен және жылумен жабдықтау қызметтеріне әлеуметтік тұтыну нормасы енгізіліп, еліміздің бірқатар өңірлерінде әлеуметтік тұтыну нормасына қарай тарифтер бекітілді. Қызылорда өңірінде аталған тұтыну нормасы мен тарифтер тек 2025 жылы енгізілді.

Ағымдағы жылдың 1-ші жартыжылдығында төмендегідей тарифтер бекітіліп, бағалар келісілді.

### «ҚЫЗЫЛОРДА СУ ЖҮЙЕСІ» МКК

Субъектінің 2020-2024 жылдарға бекітілген тарифінің мерзімі аяқталып, 2025-2030 жылдарға ұзақ мерзімді сумен жабдықтау мен су бұру тарифтері бекітілді. 01.05.2025 жылдан бастап сумен жабдықтаудыңорташа босату тарифі ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін 92,56 теңге көлемінде, оның ішінде:

жеке тұлғалар үшін – 69,42 теңге;

бюджеттік ұйымдар үшін– 174,74 теңге;

өзге де ұйымдар үшін – 174,74 теңге болып бекітілсе, су бұрудың орташа босату тарифі ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін 124,72 теңге көлемінде, оның ішінде:

жеке тұлғалар үшін – 67,39 теңге;

бюджеттік ұйымдар үшін– 209,65 теңге, өзге де ұйымдар үшін – 209,65 теңге болып бекітілді.

Бұл ретте «бюджеттік мекемелер» мен «өзге де ұйымдар» тұтыну топтарының тарифтері теңестірілді.

Сонымен қатар әлеуметтік тұтыну нормалары келесідей бекітілді:

*-халық үшін- 69,42 теңге;*

*- 3м$^3$ дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар үшін– 69,42теңге;*

*-3 м$^3$-тен 5м$^3$-ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар үшін- 83,30теңге;*

*- 5м$^3$-тен 10м$^3$-ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар үшін- 104,13теңге;*

*- 10м$^3$ жоғары реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар және суды есепке алудың жеке аспаптары жоқ жеке тұлғалар үшін –138,84 теңге.*

### «ҚЫЗЫЛОРДАЖЫЛУЭЛЕКТРОРТАЛЫҒЫ» МКК «ҚАЗАЛЫ-ТЕМИРЖОЛЖЫЛУ» ФИЛИАЛЫ (ФИЛИАЛ)

Филиал жылумен жабдықтау қызметінің тарифін өзгерту бойынша Департаментке өтінім ұсынып, 01.03.2025 жылдан бастап жылумен жабдықтаудың орташа босату тарифі ҚҚС-сыз 1 Гкал үшін 12760,60 теңге көлемінде (өзгеріс 11,3%), оның ішінде:

жеке тұлғалар үшін – 1899,21 теңге (өзгеріс 11,3%);

бюджеттік ұйымдар үшін – 18133,41 теңге (өзгеріс 11,3%);

өзге де ұйымдар үшін – 16051,07 теңге (өзгеріс 11,3%) болып бекітілді.

Сонымен қатар әлеуметтік тұтыну нормалары келесідей бекітілді:

*жылытылатын аудан 100 м$^2$-ге дейін халық санатына жататын жеке тұлғалар үшін- 2279,08 теңге;*

жылытылатын аудан 100-ден астам және 200 м$^3$-ге дейін халық санатына жататын жеке тұлғалар үшін- 2506,99 теңге;

жылытылатын аудан 200м$^2$-ден астам халық санатына жататын жеке тұлғалар үшін- 12760,60 теңге;

### «ҚАЗСУШАР» РМК «СЫР СУЫ» ФИЛИАЛЫ (ФИЛИАЛ)

2024 жылы «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы» филиалының реттеліп көрсетілеін қызметтеріне 2024-2030 жылдарға ұзақ мерзімді тарифі бекітілген болатын.

Алайда, «Нұра топтық су құбыры» РМК-сы «Қазсушар» РМК-сы қосылу жолымен қайта ұйымдастырылудан өтіп, жаңадан «Қазсушар» РМК-ның «Сыр суы» филиалы болып қайта құрылуына байланысы, филиалдың реттелетін қызметтеріне тарифтері оңайтылған тәртіппен 12 айдан аспайтын мерзімге 1 сәуірден бастап1 м3 су үшін ҚҚС-сыз төмендегідей бекітілді:

-суды магистральдық құбырлар және тарату желілері арқылы беру қызметтеріне – 590,47 теңге (өзгеріс 20,0%);

- суды тарату желілері арқылы беру қызметіне –534,93 теңге (өзгеріс 27,0%);

- сарқынды суды бұру қызметіне–279,05 теңге (өзгеріс 18,7%), оның ішінде:

- жеке тұлғалар үшін 126,13 теңге (өзгеріс 18,7%);

- бюджеттік ұйымдар мен өзге де тұтынушылар үшін 361,99 теңге (өзгеріс 20,4%);

- сарқынды бұру қызметі («Көк-Шоқы» учаскесі бойынша) – 192,03 теңге (өзгеріс 20,0%), оның ішінде

- жеке тұлғалар үшін 57,90теңге (өзгеріс 20,0%);

- бюджеттік ұйымдар мен өзге де тұтынушылар үшін 221,53 теңге (өзгеріс 4%);

- басқа тұтынушылар үшін 221,53 теңге (-16% төмендеумен), «ҚазАтомПром» АҚ кәсіпорындары үшін 545,08 теңге (-20% төмендеумен)болып бекітілді.

Бұл ретте Филиалдың суды магистральдық құбырлар және тарату желілері арқылы беру қызметтеріне «халық тобымен» есептеу құралы болған жағдайда 30 теңгеден, болмаған жағдайда 40 теңгеден төленеді.

### «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ ҚЫЗЫЛОРДА ӨНДІРІСТІК ФИЛИАЛЫ (ФИЛИАЛ)

Филиал тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағасын алдағы уақытта өзгертетіндігі бойынша Департаментке ақпарат ұсынып, тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің түпкілікті 1 м$^3$ бағасы ҚҚС-сыз а.ж. 1 сәуірден бастап төмендегідей келісілді:

жеке тұлғалар –18,428 теңге (өзгеріс 3,2%)

атаулы көмек алушылар үшін – 12,317 теңге (өзгеріс 11,3%),

бюджеттік ұйымдар мен өзге де ұйымдар үшін– 20,524 теңге(өзгеріс 3,2%).

Бұдан бөлек стратегиялық тауарлар құнының және өңірдегі орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруіне байланысты Филиал, тауарлық газды газ тарату желілері арқылы беру тарифін өзгертуге өтінім ұсынып, Департаментпен Филиалдың тарифі 1000 м$^3$ газ үшін ҚҚС-сыз 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап 5810,38 тенге (өзгеріс 0,5%) болып бекітілді.

Сонымен бірге тауарлық газдың көтерме саудада өткізудің шекті бағасының (ҚР Энергетика министрлігімен бекітіледі) өзгеруіне байланысты Филиал тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағасын 1 м$^3$ газ үшін ҚҚС-сыз осы жылдың 1 шілдесінен бастап қайта қарап, Департаментке ұсынды және төмендегідей келісілді.

жеке тұлғалар – 24,517 теңге (өзгеріс 33,1%)

атаулы көмек алушылар үшін – 12,984 теңге (өзгеріс 5,5%),

бюджеттік ұйымдар мен өзге де ұйымдар үшін – 27,306 теңге (өзгеріс 33,1%)

### «ҚЫЗЫЛОРДА ЭЛЕКТР ТАРАТУ ТОРАПТАРЫ» АҚ (ҚОҒАМ)

Электр энергиясының сатып алу тарифінің және өңірдегі статистика деректері бойынша орташа айлық жалақысының өзгеруіне байланысты Қоғам тарапынан электр энергиясын беру тарифін өзгертуге Департаментке өтінім ұсынып, тариф ҚҚС-сыз 1кВт/сағ үшін 9,346 теңге болып (өзгеріс 31,2%) осы жылдың15 мамырынан бастап бекітілді.

Сонымен қатар, энергетика саласындағы реформаларға сәйкес, 01.01.2025 жылға дейін өңірде қызмет еткен электрмен жабдықтаушы мекемелер («Энергосервис» ЕЖШС, «Шиелі Жарығы» ЖШС, «Дәулетэнерго» ЖШС) өз қызметтерін тоқтатып, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Қоғам өңірде электрмен жабдықтау қызметін көрсете бастады және алдыңғы электрмен жабдықтаушы мекемелердің бағаларымен жұмыс жалғастырды.

Осы ретте Қоғам тарапынан электр энергиясын сатып алу тарифінің, қуат нарығы тарифінің, электр энергиясын беру тарифінің өзгерулерінен және жабдықтау қызметінің үстемеақысын көбейте отырып, алдағы уақытта электр энергиясының бөлшек саудада өткізу бағасын көтеретіндігі бойынша Департаментке ақпарат ұсынды.

Ақпаратты қарау нәтижесімен Қоғамның электр энергиясы бөлшек саудада өткізу бағасы 1 кВт/сағ үшін ҚҚС-сыз төмендегідей ағымдағы жылдың 23 шілдесінен бастап келісілді.

жеке тұлғалар үшін – 25,47 теңге *(өзгеріс «Энергосервис» ЕЖШС және «Дәулетэнерго» ЖШС-нің бағасымен салыстырғында 16%, «Шиелі Жарығы» ЖШС-мен салыстырғанда 10%)*;

бюджеттік ұйымдар үшін – 30,78 теңге *(«Энергосервис» ЕЖШС салыстырғанда -43% төмендеумен, «Дәулетэнерго» ЖШС-мен салыстырғанда -18% төмендеумен, «Шиелі Жарығы» ЖШС-мен салыстырғанда 33% өзгерумен)*

өзге де ұйымдар үшін- 30,78 теңге *(«Энергосервис» ЕЖШС салыстырғанда -15% төмендеуімен, «Дәулетэнерго» ЖШС салыстырғанда 25% өзгерумен, «Шиелі Жарығы» ЖШС салыстырғанда 33% өзгерумен).*

# «ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ ЖАЛДАУ МЕРЗІМІН ҰЗАРТУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТІ

«Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту жобасын келісу және беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі 1қазан 2020 жылғы №301 санды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрініңбұйрығымен бекітілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері (қолжетімділік арналары): www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал).

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 10 (он) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту жобасын бере отырып, электрондық келісу, не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері: Тегін.

Жұмыс кестесі: Порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініш қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында;

2) порталда орналасқан.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту жобасын келісуге арналған электрондық өтініш;

2) жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту келтірудің жобасы.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға арналған негіздер: 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту жобасын келісу және беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар: Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бірыңғай байланыс телефондары: 1414, 8 800 080 7777.

**Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі**

# СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

## ДЕГЕНМЕН ОНЫҢ ТІЛСІЗ ЖАУ ЕКЕНІН ҰМЫТПАЙЫҚ

Қызылорда қаласы аумағындағы су айдындарында, Сырдария өзені және өзектерде, каналдар мен көлдерде, әсіресе жазғы кезеңде суға түсу маусымында азаматтардың суға кету фактілері көптеп орын алып жатыр.

Айта кетсек, қаламызда биылғы жылдың бес айында суға кету оқиғасы орын алды. Суға кету оқиғасының басты себептері ата- аналардың балаларын қараусыз қалдыруынан, белгіленбеген орындарда адамдардың суға түсуі, алкоголь ішімдікті пайдалану және тағы да басқа жағдайлар болып тұр.

Жас балалардың суға жүзе білмеуі, адамдардың суда қауіпсіздік ережелері шараларын орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады. Сондықтан осындай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін төмендегі ережелерді орындаған жөн.

• Тек арнайы белгіленген орындарда, жабдықталған жағажайларда шомылу керек, оқиға болған жағдайда құтқарушының арнайы көмегін алуға болады. Тексерілмеген су қоймаларында терең шұңқырлар, қалың балдырлар, қатты ағын, түбіндегі қоқыс жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.

• Мас күйінде шомылуға болмайды. Бұл судағы адамдардың өлімінің басты себебі.

• Қайықтарды және басқа жүзу құралдарын пайдалану ережелерін сақтаңыз: оларды шамадан тыс жүктемеңіз, тербелмеңіз, олардан суға секірмеңіз, қажет болған жағдайда қайыққа көтеріліңіз. Есіңізде болсын, қайықтағы біреу жүзе алмауы мүмкін.

• Үрлемелі матрацтарды, тақталарды пайдаланбаңыз, әсіресе жүзе алмасаңыз. Тіпті әлсіз жел оларды жағадан алысқа апара алады.

• Егер сіз жүзе алмасаңыз, суға тек белден аспайтын тереңдікте кіріңіз.

• Жүзу орындарында орнатылған шектеу қалқымалары мен басқа қоршаулардың артында жүзбеңіз.

Су астында ұзақ жүзу – бұл гипотермияға әкеледі, бұлшық еттердің шамадан тыс жұмыс істеуінен құрысулар пайда болуы мүмкін.

Сіздің қауіпсіздігіңіз өзіңіздің қолыңызда!

**Е.ЕСЕНГЕЛДИЕВ**
**Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты**

**МЕНШІК ИЕСІ:**
«Желтоқсан и К» ЖШС

**Бас редактор**
Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» караша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
**Таралу аумағы:**
Қазақстан Республикасы
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

# АРАЛҒА ӘКІМ БАРДЫ...

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Ергешбаев, Мұрат Әбенов Арал ауданына жұмыс сапарымен барды.**

Сапар кезінде облыс әкімі бастаған топ Арал қаласындағы Бақтыбай батыр көшесінің автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Аталған жобаның сметалық құжаттамасы 2023 жылы әзірленген. Құны 1 млрд. 604,9 млн. теңге, мердігері – «Арал құрылысы» серіктестігі. Қазір Байқоңыр көшесінен І.Жүсіпов көшесіне дейінгі аралықта ескі асфальт жабындысы қырылып, жол тегістеліп, қиыршық тас, асфальттың бірінші қабатына қара қиыршық тас жайылуда.

Жоба аясында 2,3 шақырымдық көшеге ені 12 метр асфальт төселеді. Сонымен қатар жолдың екі жағынан ені 1,5 метр жаяу жүргіншілер жолы салынып, түнгі жарықшамдар мен аялдамалар орнатылады. Әбілқайыр хан көшесінен №260 орта мектепке дейінгі аралықта ені 5,5 метр асфальт төселіп, 4 бағдаршам жаңартылып, 1 жаңа бағдаршам қойылады.



Аймақ басшысы мердігер мекемеге негізгі талап сапа мен жұмыстың уақытылы аяқталуы екенін ескертті. Құрылыстың әр кезеңін бақылауда ұстап, белгіленген мерзімнен кешіктірмеуді қатаң тапсырды.

Сапар барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сексеуіл кентіндегі 300 орындық «Келешек мектебінің» ашылу рәсіміне қатысты. Конституция мерекесі қарсаңындағы салтанатты басқосуға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мұрат Ергешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева мен зиялы қауым өкілдері арнайы келді.

Облыс әкімі тұрғындарды жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, білім саласындағы жетістіктерге тоқталды.

**– «Сіздерді жаңа бастамалар мен үмітке толы мереке 1 қыркүйек – Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын! «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған бұл білім ордасы оқу мен ізденіс арқылы әр баланың болашағын айқындайды.**

**Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар жүзеге асуда. Облысымыздың бюджеті 823 млрд. теңгеден асып, 2022 жылдан бері 226 пайызға өсті.**

**2023 жылдан бері облыстық бюджет есебінен 5 млрд. 700 млн. теңгеге 9 мектеп жанынан 2 900 орындық қосымша ғимарат салынды. Нәтижесінде үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.**

**«Білімді қолдау қоры» арқылы 8 млрд. 400 млн. теңгеге Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы, жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат ел игілігіне табысталды. Мұнда оқу үшін еліміздің 17 аймағынан 1 445 оқушы өтініш білдіріп, білім бәйгесінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген 200 бала қабылданды.**

**Аталған қор есебінен 2 млрд. 333 млн. теңгеге Арал ауданы Мергенсай елді мекенінен 150 орындық заманауи мектептің құрылысы жүруде. Нысан қараша айында пайдалануға беріледі.**

**Президентіміздің тапсырмасына сәйкес алдағы үш жылда өңіріміздегі 51 мектеп күрделі жөнделеді. Биыл облыстық бюджеттен 2 млрд. 400 млн. теңге бөлініп, 9 мектеп қайта жаңғыртудан өтті. Соңғы үш жылда 5 млрд. 300 млн. теңгеге 15 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде өткен үш жылда апатты жағдайдағы 7 мектептің мәселесі толық шешімін тапты.**

**Өңіріміздегі апатты деп танылған 3 білім ордасын республикалық бюджет есебінен жаңадан салу жоспарлануда. Министрлікпен келісім бар. Қайтарылған активтер есебінен 8 млрд. 200 млн. теңгеге 5 мектептің құрылысы қаржыландырылады. Жаңа мектеп баршаңызға тағы да құтты болсын! Еліміздің көкжиегін кеңейтіп, жаңа биіктерге жетелейтін білім жолы әрдайым жарқын болсын!»**, - деді Н. Нәлібаев.

Жиында "Қазақстан халқына" қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева сөз сөйлеп, аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Аймағымыздың білім беру саласына соңғы үш жылда 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 346 млрд. 800 млн. теңге қаралды. Қаржыландырудың барлық көзінен өткен жылы 31 млрд. 800 млн. теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд. 400 млн. теңгеге 6 900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілуде. Бүгінде 3 мың орындық 6 мектеп ел игілігіне табысталды. Қалған 4 мектептің біреуі бүгін салтанатты түрде ашылды, екеуі жаңа оқу жылына дайын.

Жаңа оқу жылы қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал ауданының Тоқабай ауылындағы 100 орындық мектеп пайдалануға берілді.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын игі бастаманың іске асуымен құттықтады.

**– «Жаңа оқу жылы қарсаңында Сыр өңірінің шежірелі мекені, топырағына құт дарыған, берекесі мен бірлігі жарасқан айдынды Арал ауданында Өздеріңізбен жүздескенімізге қуаныштымыз.**

**Бүгін Тоқабай елді мекенінде №248 орта мектептің жаңа ғимаратының ашылуына жиналдық. Өздеріңіз білетіндей, бұған дейінгі салынған мектеп ғимаратының сапасы сын көтермей, апатты жағдайда деп танылды. Ауыл балалары уақытша әкімдік ғимаратында білім алып келді. Осы жағдайды ескеріп, өткен жылы демеушілік есебінен мектеп ғимаратын қайта салуды қолға алған болатынбыз. Алдымен негізгі оқу корпусының құрылысын аяқтап, балалардың жайлы жерде білім алуына жағдай жасадық. Бүгін құрылыс толық аяқталып, пайдалануға берудеміз.**

**Аймағымызда әрбір баланың шығармашылықпен, спортпен айналысуына мемлекет тарапынан барлық мүмкіндік жасалуда. 2022 жылдан бері өңірімізде жаңадан 15 мәдениет нысаны бой көтеріп, ел игілігіне берілді. Барлық 7 ауданда «Руханият орталықтары» салынды. Қызылордада «Отбасы орталығы», «Анаға тағзым», «Өнер орталығы», облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылды.**

**Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының» қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты бой көтеруде. Нысан алдағы қараша айында пайдалануға беріледі.**

**Соңғы үш жылда 20 спорт кешені іске қосылды. Биыл тағы 6 спорт кешені келушілерге қызметін бастайды. Президентіміздің қолдауымен Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион құрылысы қарқынды жүруде. Алдағы қыркүйек айында ашылады. Облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі - «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы. Өткен жылдың қазан айында «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп, «Теннис орталығы» ашылды. Биыл «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері табысталды. Қордың демеушілігімен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынуда. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен орнатылған 80 спорт-ойын алаңы ел игілігіне қызмет етуде.**

**Ізденіс әлемінде білімге деген құлшыныстарыңыз өшпесін, талпыныстарың тоқтамасын! Жаңа оқу жылында шәкірттерге табыс, ұстаздарға шығармашылық шабыт, ата-аналарға қуаныш тілеймін!»**, - деді Н. Нәлібаев.

**Медициналық құрал-жабдықтармен жыл сайын қамтамасыз етудің арқасында жабдықталу деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 87,4 пайызға артты.**

**Жергілікті бюджеттен 5 млрд. 400 млн. теңгеге 225 жаңа санитарлық автокөлік бір мезетте алынып, елді мекендердегі денсаулық сақтау мекемелеріне табысталды.**

**Арал ауданына 25 автокөлік бөлініп, олар шалғайдағы Жіңішкеқұм, Құланды, Жаңақұрылыс, Ақбасты, Қарашалаң ауылдары тұрғындарының игілігіне айналды. Халық сұранысына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз қамтамасыз етілді. Осылайша, елді мекендерді санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешімін тапты.**

**Халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету үшін мамандар біліктілігін арттыру мәселесі ұдайы назарымызда.**

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тұрақты әріптестік байланыстамыз. Қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 5 млрд. теңгеге жуық қаржы бағыттады. Бұл қаржыға сирек кездесетін дертке шалдыққан жерлестерімізге қажетті дәрі-дәрмек сатып алынды.**

**Облыстық онкология орталығына құны 1 млрд. 100 млн. теңге тұратын, республика бойынша 3 облыста ғана бар скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешен табыстады.**

**Өздеріңізге белгілі, бүгінге дейін Аралда типтік ғимараттағы аудандық емхана мәселесі шешімін таппай келген. Әр келген сайын осындағы ағайын бұл мәселені қайта-қайта көтеретін. Сіздердің өтініштеріңізбен жаңа емхана салу жөнінде шешім қабылдадық. Облыстық бюджеттен 22 млн. теңге бөлініп, ауысымына 250 келушіге арналған емхана салу үшін жоба-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтті. Құны 6 млрд. 600 млн. теңге, жалпы көлемі 8 600 шаршы метр болады.**

**Емхана құрылысын Арнаулы мемлекеттік қордан қаржыландыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бүгін ел игілігіне табысталатын жаңа орталық, ондағы дәрігерлер елге адал қызмет етіп, науқастың дертіне дауа, көңіліне рауан беріп, халық алғысына бөленеді деп сенеміз»**, - деді Н.Нәлібаев.

Президент бастамасымен қолға алынған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірдің барлық ауданында 28 медициналық нысан салынды. Арал ауданында Тоқабай, Бөген, Қызылжар дәрігерлік амбулаториялары және Көктем ауылында медициналық пункт пайдалануға берілді.

Ұлттық жоба аясында Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған көпбейінді аудандық ауруханалары жанынан қосымша құрылыстар, Арал, Шиелі аудандық ауруханалары жанынан жұқпалы аурулар бөлімшелері салынуда.

Шиелі ауданындағы жұқпалы аурулар бөлімшесі мен аудандық аурухананың қосымша құрылысы да тұрғындарға қызмет ете бастады. Қалған 4 нысан жыл соңына дейін табысталады.

Жыл басында Жаңақорған ауданы Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсектік ауылдық аурухана, Арал ауданы Сексеуіл кентінде 40 төсек-орынға арналған аурухана ашылды.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласының Баймұрат батыр елді мекенінде дәрігерлік амбулатория, Досан елді мекенінде медициналық бекет іске қосылды.



Жиында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Арал ауданына сапары барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал қаласындағы «Қамқорлық» оңалту орталығының салтанатты ашылу рәсімі де өтті.

Аймақ басшысы әлеуметтік салада атқарылған жұмыстарға тоқталып, аудан тұрғындарына құттықтауын жеткізді.

**– «Биыл ел тәуелсіздігінің берік тұғыры, демократиялық құндылықтарымыздың негізі саналатын Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толды. Бүгін міне, мереке қарсаңында Өздеріңізбен бірге жерлестеріміздің, балаларымыздың игілігіне қызмет ететін жаңа нысанды ашамыз.**

**Қазіргі таңда ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен тұрғындар денсаулығын сақтауға бағытталған маңызды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда облыстың денсаулық сақтау саласына 441 млрд. теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйткілді мәселелер шешімін тауып келеді.**

Осылайша ауылдардағы медициналық- санитариялық алғашқы көмек көрсету ұйымдарының ғимараттарын нормативке сәйкестендіру мәселесі толығымен шешілді. Қызмет көрсету мүмкіндігі кеңейген жаңа "Қан орталығы" жұмыс атқаруда.

Қызылорда қаласында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы жүргізілуде.

Ана мен бала өмірін қорғау мақсатында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды. Өткен жылдан бері 17 медициналық нысан күрделі жөндеуден өткізіліп, 44 ғимараттың жылу жүйесі газға ауыстырылды. Биыл 7 млрд. 600 млн теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынуда.

Арал ауданына сапары барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сексеуіл кентінің теміржол вокзалындағы күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Жобаның тапсырыс берушісі – «Қазақстан Темір Жолы» АҚ. Вокзал 1904 жылы салынған, бүгінде 13 жұп пойызына қызмет көрсетеді. Күрделі жөндеу 2012 жылы жүргізілген. Мердігер мекеме «Техноснастка Ремсервис» ЖШС.





# СОЛДАТ ВТОРОЙ МИРОВОЙ

Летом текущего года исполнилось бы 100 лет участнику Второй мировой войны Усенову Сарсенбаю, который с оружием в руках защищал свое Отечество, а в послевоенные годы немало сил и энергии вложил в социальное переустройство Приаралья, работая в партийных органах области.

Родился Сарсенбай Усенович 15 июня 1925 года в ауле «Азатлык» Тюлькубасского района Шымкентской области, в семье зажиточного крестьянина. В результате конфискации и обобществления скота, его отец оказался жертвой режима. МатьСаракул в голодные годы 30-х годов, чтобы спасти своих детей, отдала уцелевших двух сыновей – Ермекбая и Сарсенбая в Таразский детский дом, который в 1932 году переехал в Казалинск, и дети воспитывались в здешнем детском доме в 1932-1941 годы. Отсюда, они отправились на поля сражений Второй мировой войны.

Всех этих перипетии и неожиданных перемен в жизни, юный Сарсенбай тогда не знал, во всех автобиографических данных писал, что родился в Казалинске. После детского дома, в 1941 -1942 годы, находился в Казалинском пансионном интернате, окончил семилетнюю школу №17 им. Г.Муратбаева в Казалинске. В 1942-1943 годы учащийся Новоказалинского фабрично-заводского училища, в 1943-1950 годы- служба в рядах вооруженных сил СССР, участие в советско-японской войне в составе Забайкальского военного фронта под командованием маршала Советского Союза Малиновского Родиона Яковлевича. В 1950 – 1951 годы – завуч, старший воспитатель Казалинского детского детдома, в 1951-1966 годы – статист в течение года, а затем зав. сектором партийного учета и партийной статистики Казалинского райкома партии. С 1966 по 1990 годы, или почти четверть века, был зав. сектором единого партбилета и партийной статистики Кызылординского обкома партии.

Со своей матерью Саракул, проживающей в селе Корниловка (ныне Жас кешу) Тюлькубасского района, Сарсенбай Усенович начал общаться с середины 50-х годов. Каждое лето его дети ездили на каникулы к бабушке Саракул, а в 1995 году сюда переехал с семьей старший сын Сакена – Бауыржан, 1954 года рождения.

При выходе на пенсию в июне 1986 года Усенову С.У. соответствующим решением Комиссии при Совете Министров Казахстана была назначена персональная пенсия республиканского значения.

Впервые повстречался с Сарсенбаем Усеновичем в 1966 году (я тогда был школьником) в жилом доме по улице Чехова 29 в Кызылорде (это напротив тогдашнего здания областной больницы). Дело в том, что семья моего брата МахамбетоваАралбая и семья Усенова С. жили в одном подъезде, но на разных этажах. Мои близкие – на втором этаже, в 18 квартире, а семья Усенова – на третьем этаже, в 19 квартире. Соседи этого подъезда жили всегда мирно, в согласии, помогали друг другу. В подъезде тогда жили два участника Второй мировой войны – Байхожаев Жамал и Усенов Сарсенбай, которые всегда стремились сблизить всех людей, живущих под одной крышей, были зачинателями дастарханов для соседей. Особенно осязаемо мы это ощутили в мае 1973 года, когда на нашу семью навалилось горе, скончался мой старший брат Аралбай.

Все соседи, под руководством этих ветеранов войны, активно включились в организации поминальных мероприятий брату, помогали нам, чтобы на достойном уровне провести похороны и последующие траурные дни (бейсенбилики, 40 дней, годовщина со дня смерти).

Начиная с 1980 года, мы с СарсенбайУсеновичем трудились вместе, в аппарате обкома партии. За десять лет совместной работы еще ближе узнал его, как должностного лица и личность. Он, переживший трудные годы 30-х годов, испытавший на себе потерю родного отца мальчишкой, воспитывавшийся в детском доме, с оружием в руках участвовавший в боях против Японии, был дисциплинирован, с большой ответственностью относился к своим должностным обязанностям и поручениям вышестоящих партийных органов. Был прямолинеен и взвешен, когда дело касалось партийной статистики и единого партийного билета.

Подчеркивал, что «партийный билет-паспорт коммуниста», и в нем не должно быть каких-то неточностей или ошибок. Требовал от подчиненных зав. секторов в районных, городских комитетах партии быть предельно аккуратными и точными при заполнении партийных документов, соблюдать инструкции ЦК КПСС по этим вопросам. Строго следил, чтобы не допускали ошибок при составлении квартальных и годовых отчетов движения коммунистов региона. Эти данные, как правило направлялись в ЦК КПСС, ЦК Компартии Казахстана, входили в статистические данные по деятельности областной партийной организации на очередных партийных конференциях.

Большая работа была проведена в ходе обмена партийных документов в 1973 году. Партийные комитеты области сработали в этот период слаженно, без срывов, своевременно без нареканий от вышестоящих органов.

Вот как вспоминает о совместной работе пенсионерка Бигищева Любовь Несторовна из Кызылорды:

- «Я работала под началом СарсенбаяУсеновичав секторе единого партбилета и партийной статистики. Свою работу он знал досконально, я бы сказала, отлично, хорошо, соблюдая все меры предосторожности и секретности.Все инструкции, циркуляры, партийные билеты и бланки отчетности хранились в сейфах, опечатанных сургучной печатью. Помогал районам, проводил учебу зав. секторов и статистов районных и городских комитетов партии в областном центре, оказывал всяческую помощь при выезде на места. Был пунктуальным и исполнительным, хозяином своего слова. Действовал по принципу: «Сказал – сделал».

Статистические отчеты, подготавливаемые в вышестоящие органы, проверялись раз за разом, скрупулезно, тщательно, чтобы не допустить ошибок. За все годы совместной деятельности в этом секторе, не было замечаний по нашей работе от вышестоящих партийных органов. Все это благодаря опыту, напряженной работе и ответственному подходу Усенова С.У. к своим обязанностям».

Высоко оценивает деятельность Усенова С. и ветеран труда из Астаны ДильмановаДарихаРабаевна, которая считает, что её поколение сотрудников обкома партии многому научилось от таких ветеранов войны, как он и Ковалева Антонина Александровна, работавших вместе с ними в эти годы. Их советы и пожелания пригодилось в дальнейшей жизни.

Статистические отчеты, подготовленные возглавляемым им сектором, были своеобразным ориентиром и служили основой для проведения воспитательной и кадровой политики в регионе. Были вектором направленности подготовки специалистов и руководителей по тем или иным отраслям народного хозяйства. Эти отчеты высвечивали и допущенные некоторые диспропорции кадровых служб партийных комитетов, что становилось предметом взыскательного разговора на бюро, пленумах и конференциях партийных комитетов области.

На аппаратных совещаниях, партийных собраниях первичной партийной организации обкома партии Усенов С.У. всегда был принципиальным и отстаивал свою точку зрения, критиковал своих руководителей, вплоть до секретарей обкома партии, когда вопрос стоял ребром. Был беспощаден к должностным лицам, допускающим халатное и невнимательное отношение к нуждам людей, нарушающим нормы нравственности и бытия.

В канун Дня Победы встречался со своими земляками из Казалинского района, с которыми бок о бок воевал в Забайкальском военном округе в войне с Японией. Среди них забайкальцы – Идрис Калиев, ШалбуловЖанияз, Сапаров Мурат, АсербаевАйниет, Бисенбеков Калдан и другие ветераны.

И тем, кто иногда с некоторой иронией (чаще всего, курдасы, ветераны войны, участвовавшие в боях с фашистской Германией) относится к участникам войны с Японией, хотел бы привести следующие данные. Советский Союз потерял в быстротечной войне с милитаристской Японией убитыми, ранеными и пропавшими без вести 36 456 человек, из них 24 425 — это заболевшие и те, кто выжил после ранения. Из 1298 человек, составивших общие потери Тихоокеанского флота, 903 человека были убиты или смертельно ранены.

СарсенбайУсенович, как-то в разговоре со мной сказал, что он в Забайкальском военном округе прошел последовательно должности красноармейца полка, помощника наводчика, наводчика станкового пулемета, участвовал в боевых сражениях, получил ранение. После окончания войны с Японией в сентябре 1945 года был старшиной, писарем, зав. секретным делопроизводством пулеметно-артиллерийского батальона этого же военного округа, что в немалой степени помогло ему в мирной жизни после демобилизации из вооруженных сил в апреле 1950 года.

Его боевые заслуги были отмечены орденом Отечественной войны, рядом медалей, в том числе медалью «За победу над Японией», награжденным в сентябре 1945 года.

Вне работы Сакен был компанейским человеком. Шутил с коллегами, хорошо танцевал вальс, фокстрот на корпоративных вечерах и торжествах. Ему всегда было трудно найти партнерш, которые бы также легко и непринужденно танцевали эти танцы.

Самоотверженный труд в партийных органах страны был также отмечен рядом медалей государства, в том числе медалью «За трудовое отличие» (1981 год), Почетной Грамотой Верховного Совета Казахской ССР (1985год).

Надежной опорой Усенова С. по жизни была его супруга Карлыга апай, с которой они создали семью в 1953 году, а также ихдочь, трое сыновей и внуки, которые всецело поддерживали Солдата Второй мировой во всех его начинаниях и устремлениях, а также теплом своих сердец подвигали Сарсенбая Усеновичана созидательные дела.

30 августа т.г. в Кызылорде состоится поминальный Ас, посвященный 100 -летию Усенова СарсенбаяУсеновича, на который соберутся его близкие и родные, внуки и правнуки, сваты, бывшие коллеги по работе, чтобы помянуть его, прочитать молитву усопшему. Пусть Всевышний одарит милостью его и отведет ему достойное место в ином мире!

Его светлый образ навсегда сохранится в наших сердцах.

Сарсенбай ағамыздың жатқан жері жайлы, алды жарық болсын!

**Кенес МАХАМБЕТОВ,**
**ветеран труда, Астана.**

# САУДАДА ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨЛЕМІ АРТЫП КЕЛЕДІ

***Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сауда және интеграция вице-министрі Айдар Әбілдабековпен кездесті. Кездесуде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық әлеуетін арттыру мәселелері талқыланды.***




Бүгінде аймақ әлеуметтік-экономикалық дамуда тұрақты өсімге қол жеткізді, жалпы өңірлік өнім 104,8%. Экономика құрылымының 31%-ын құрайтын сауда саласында тауарлар мен қызметтер көлемі 6,1%-ға артты.

Өңірде 30-ға жуық кәсіпорын күріш, балық өнімдері, ас тұзы, цемент, шыны, уран шала тотығы және аммоний метаванадатын экспорттап, экономиканы әртараптандыруға үлес қосуда. Алдағы бесжылдықта 2 трлн. теңгенің 89 инвестициялық жобасы іске асырылып, 11 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылмақ.

Биыл өңірдің кірпішке деген сұранысының 90%-ын қамтамасыз ететін жаңа зауыт пен 3,5 мың адамға қызмет көрсететін «Orhun Medical» медицина орталығы іске қосылды. Сонымен қатар ЖЭО, қиыршық тас және айна шығару өндірістері, жолаушылар вагондарын жөндеу кешені, кондитерлік және макарон өнімдері цехтары, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіретін зауыт, коммуналдық базар және екі шағын өнеркәсіптік аймақ ашылады.

Құрылысы басталатын 14 ірі жобаның қатарында тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу зауыты, «Rixos» бес жұлдызды қонақ үйі, кальциленген сода зауыты, «Шалқия» кен байыту фабрикасы және бөтелке шығаратын зауыт бар. Бұған қоса Қатармен бірлескен қуаттылығы 1100 мегаваттық бу-газ қондырғысы және испандық «Roca Group» компаниясымен бірлескен санитарлық-техникалық өнім өндіретін зауыт құрылысы қолға алынды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес "Қорқыт Ата әуежайы" жанынан арнайы экономикалық аймақ құрылды. Оның аясында құрылыс индустриясы, машина жасау, логистика және инновациялық бағыттағы жобалар жүзеге асырылады.

Сапар кезінде вице-министр қала орталығындағы «Сыбаға», «Сұлтан-2» сауда базарлары мен экспортқа бағдарланған өндірістік кәсіпорындарды аралап, жұмыс барысымен танысты.

# ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ САРАПТАМАСЫ БАР

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтіп, күн тәртібінде автомобиль жолдарының сапа мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Облыс аумағындағы автомобиль жолдарының ұзындығы 3545 шақырым, оның 1024,5 шақырымының республикалық, 555 шақырымының облыстық, 1965,5 шақырымының аудандық маңызы бар.

Өткен жылы 44 млрд. 700 млн. теңге қаржы бөлініп, өңіріміздегі 300 шақырымнан астам жолдар мен көпір өткелдері жөнделді. Нәтижесінде облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткішінің үлесі 92,5 пайызға жетті.

Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық, аудандық бюджеттен 42 млрд. 142 млн. теңге қаралып, 320 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстардың қорытындысы индикаторлық көрсеткішті 95 пайызға жеткізбек.

"Жол активтері сапасы" ұлттық орталығының қызметіне биыл 123 млн. теңге бағытталып, құрылыс сапасы 100 пайыз сараптамамен қамтылды. Аспаптық және зертханалық тексеру жүргізу барысында 1201 сынама алынып тексерілді.

# ЖЕРДІ ҚАЙТАРУ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Мұрат Теміржановпен кездесті. Кездесуде өңірдегі жер ресурстарын тиімді пайдалану, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді игеру, цифрландыру және жер кадастрын жетілдіру мәселелері талқыланды.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда облыстың жер көлемі 24,1 млн. гектар, оның 2,9 млн. гектары - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер. Мемлекет басшысының пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы жерін мемлекетке қайтару жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында биылға жоспарланған 60 мың гектардың 43 мың гектары қайтарылды. 2022–2024 жылдар аралығында 460,2 мың гектар жер мемлекетке қайтарылып, оның 93,6 мың гектары қайта айналымға енгізілді.

# ОЛАРДЫҢ МАХАББАТЫ АЖЫРАМАС ТҰТАСТЫҚ ЕДІ...



Әке және ана, көке мен ана, ата мен апа. Әрқайсысы әртүрлі естілгенімен, бәрінің де біз үшін, олардың балалары үшін мәні біртұтас, ажырамас. Ата-анамыздың сүйіспеншілігі – бізге үлгі. Барлық қарым-қатынастың негізі – осы сурет.

Өкінішке орай ата-анамыз бұл мақаланы оқи алмайды. Әкеміз Ұлы Отан соғысының ардагері, милиция полковнигі, КСРО ІІМ-нің Еңбегі сіңген қызметкері, тарих ғылымының кандидаты Қайназаров Елеусін бүкіл саналы ғұмырын ішкі істер органдарының жас кадрларын тәрбиелеуге арнап, қоғамдық тәртіпті қорғауда аянбай қызмет етті. Анамыз – Ахметова Сажида. Ана – адал дос, жанашыр жан. Оның мейірімділігі, сүйіспеншілігі, сезімталдығы – бізге, қыздарына үлгі, аманат.

Әкеміз Алматы қаласының Мемлекеттік автомобиль инспекциясының бастығы ретінде қызметтік көлікпен келе жатып, көшеде қанат байлағандай ұшып бара жатқан әдемі жас қызды көргенін жиі есіне алатын еді. Өйткені оның өрілген бұрымдары өкшесіне дейін жерге тиіп, өзі де көктемгі әдемі көбелек сияқты әсер берген. Дәл осы сәт әкемізге әсер еткені соншалық, ол мансабына қарамастан оның соңынан еруге бел буады. Әдемі «қуыршақ» Қыздар педагогикалық институтының ғимаратына кіреді. Ал әкеміз Елеусін Қайназарұлы нағыз коммунист ретінде ойланбастан бірден оқу орнының партия ұйымына келіп, партком хатшысы арқылы осы жас сұлумен танысады.

Ұлы махаббат, бір көргеннен ғашықтық осылай басталатын шығар. Бойжеткеннің қара көздерінен, барқыт кірпіктерінен, аққу мойнынан сүйіспеншілік тапқан әкеміздің ең үлкен бақыты өзі әрқашан мақтан тұтатын үш сұлу қызының дүниеге келгенінде болса керек...

Әкеміз 1922 жылы туған, ерік-жігері мықты жан болды. Ол алғашқы білімді ауыл мектебінде алған. 1940 жылы қысқа мерзімді физика-математика курсын үздік бітірген Елеусін Қайназаровты туған ауданына орта мектепте математикадан сабақ беруге жібереді. Жас ұстаздың бейбіт еңбегі Совет Одағына фашистік Германияның шабуыл жасауына байланысты үзіліп калады. Оқытушы тақтасын қаруға ауыстыруға мәжбүр болған жас жігіт 101-ші Ерекше ұлттық атқыштар бригадасының артиллерия дивизионына жіберіледі. 1946 жылы маусымда Е.Қайназаров армиядан запасқа шығады, бейбіт еңбек жолын жалғастырады. Алдымен Балалар үйінің директоры болып жұмыс істеген, ал содан соң Қармақшы аудандық оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі, Қызылорда облыстық партия комитетінің мектептер мен жоғарғы оқу орындары бөлімінің инспекторы лаузымдарын атқарады. 1951 жылдың наурызында ол облыстық партия комитетінің ұйғаруымен милиция органына, Қызылорда облыстық Ішкі істер бөліміне милиция бастығының орынбасары қызметіне жіберіледі. 1956 жылы Алматыда ашылған Арнайы орта милиция мектебі бастығының орынбасары қызметіне жоғарылатылады. 1961 жылдан бастап бүтіндей 10 жыл бойы Алматы қаласының ГАИ-ОРУД жол басқармасы бөлімін, 1969-1976 жылдары Алматы қалалық Ішкі істер бөлімінің Штабын басқарады. 1976 жылы Елеусін Қайназаров Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі Штабы бастығының орынбасары қызметіне жіберілді. Бұл қызметте 1983 жылға дейін үзбей жұмыс істеп, құрметті зейнеткерлікке шығады.

Сәжида анамыз 11 жасында «Гәкку», «Огонек», «Көзімнің қарасы» әндерін орындап, Қызылорда қаласында өткен Жас таланттар олимпиадасына қатысады. Осы шығармашылық байқауда жеңіске жеткеннен кейін кішкентай Сәжиданы барлығы «біздің кішкентай Күләш» деп атай бастады. Сәжида Ахметова ұлттық ән өнерінің дамуына зор үлес қосты. Оның ән жазбалары Қазақ радиосы мен теледидарының Алтын қорында сақталған, ал оның орындауындағы әндер қазақ киносының классикасы «Гаухартас» фильмі арқылы көрермен жадында мәңгілікке сақталғаны анық.



Ғылыми-педагогикалық жұмыс ата-аналарымыздың өмірінде өте маңызды рөл атқарды. Әкем өмір бойы ішкі істер бөлімінде қызмет еткеніне қарамастан, көп оқыған, барлық оқиғалардан хабардар болған, мақалалар мен пьесалар жазған, кандидаттық диссертация қорғаған, көптеген кітап жазған. Егеменді тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш оқулығы – «Қазақстан тарихы» (1992), «Алматы МАИ: өткені мен бүгіні» (2000 ж.), «Алматы полициясы туралы» (2000 ж.), милиция 1960-2001» (2002 ж.) сияқты ол көптеген кітаптар мен оқу құралдарының құрастырушысы және редакторы болды. Мысалы – «Қазақстан Ішкі істер департаментінің құрметті адамдары» кітабы (1998).

Анамыз бүкіл өмірін ұстаздыққа арнады. Қос бұрымы жерге жеткен жас Сажиданың институт табалдырығын аттап, институт ұжымының ғана емес, елорда жұртшылығының көзайымына айналғаны сол жылдардағы ұстаздар мен студенттердің есінде. Студенттер оны жоғары кәсіби, білімді бағалауға объективті көзқарасы бар, күнделікті қажеттіліктеріне қамқорлықпен қарайтын мұғалім ретінде құрметтейтін. Оқытуды ғылыми-зерттеу жұмысымен шебер ұштастырып, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғап, көп ұзамай доцент ғылыми атағын алды. Сажида Шайхықызының бес оқу-әдістемелік құралы, «Қазақстанның тарихи өлкетануы» монографиясы жарық көрді.

Қаншама сән-салтанатқа қарамастан, ата-анамыздың ең үлкен жетістігі ән болды. Үйде әрқашан ән естілетін, анам ас үйде, әкем өзінің бөлмесінде отырып, келесі баяндаманы, немесе сөйлер сөзін ойлап, өте жағымды дауыспен ән айтып отыратын. Көбінесе кешке бәріміз жиналатынбыз, тек біздің отбасымыз ғана емес, алыстан қуана келетін көптеген туыстарымыз болатын. Әкем домбыра тартып, анам екеуі дуэт айтатын, ал біз, кішкентайлар, ән дәптеріндегі сөздерді тез тауып, қосылып ән айтуға тырысатынбыз. Әкем әрқашан арияларды, халық әндерін, өте кең диапазонды, жан дүниесінің кеңдігі мен ашықтығын қажет ететін әндерді жақсы орындайтын. Анам көбінесе нәзік, бірақ өте күшті дауыспен жанды әуезді әндерді орындайды. Ән, өнер, шығармашылық бала тәрбиесінің негізгі құрамдастарының бірі болғаны үш қыздың да өз өмірлерін өнермен байланыстырғанына негіз болған шығар. Үлкен қызы Ақбаян мен кіші Әйгерім кәсіпқой емес, бірақ кәсіби деңгейде ән айтып, билей алады. Бұл сый әрине бізге ата-анамыздан жетті. Екінші қыз Ақмарал өмірін шығармашылықпен тығыз байланыстырды.

Ақбаян бүгінде тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі.

Ақмарал – Қазақстан мен Орталық Азиядағы көне үнді классикалық биінің тұңғыш, әрі жалғыз кәсіби орындаушысы, ұстаз және танымал мұғалім. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мәдениет қайраткері. 2003 жылы Голливудта (АҚШ) өткен орындаушылық өнер түрлері бойынша Әлем чемпионатында «этникалық би» номинациясының Әлем чемпионы. Ақмаралдың есімі Үндістанның «Лимка» рекордтар кітабына және Қазақстан рекордтар кітабына енген.

Елеусін мен Сажиданың ең кіші қызы Әйгерім, әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де психология мамандығы бойынша, КИМЭП университетінің магистратурасын бітірген. КИМЭП Университетінің кадрлар бөлімінің директоры болып жұмыс істейді.

Анамыз әрқашан әкеміз үшін арқасүйер тас қабырғадай болды. Анамыз әкеміздің қызметтен өсуіне, ел алдында абыройлы болуына қызмет жасады. Бірақ оның қызметтік міндетіне еш араласпады. Әкеміз жұмысының тығыздығына қарамастан, ешқашан біздерді назардан тыс қалдырған емес. Үлкендермен сөйлесуге, кішілерді еркелетуге, немерелерінің үй тапсырмасына көмектесуге үнемі уақыт табатын. Көмек сұрап келген адам болса, әкем тыныштықты ұмытатын, ұйқысыз қалатын. Ол «Үлкен тас» еді, оның жұбайы Сажида, балалары, оны білетін, жақсы көретіндердің бәрі өздерін қауіпсіз, тыныш сезінетін.

Біздің ата-аналарымыз Елеусін Қайназаров пен Сажида Ахметова – өз балаларының ғана емес, оларды танитын және білетін әрбір адамның жан дүниесіндегі ажырамас тұтастық.

**Ақбаян ҚАЙНАЗАРОВА**
**қызы,**
**тарих ғылымдарының кандидаты,**
**профессор,полиция полковнигі**

## ЖҮГЕРІ ДЕ КЕРЕК ДӘН ЕКЕН...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев "Жаркент крахмал-сірне зауыты" компаниясының құрылтайшысы, Парламент Сенатының депутаты Закиржан Кузиевпен кездесті. Кездесуде Сыр өңірінде жүгері дақылын терең өңдеу мәселесі талқыланды.

– Өткен аптада Жаркент қаласына арнайы жұмыс сапарымен барып, зауыт жұмысымен таныстық. Кәсіпорынның негізгі өндірістік алаңдарын аралап, жүгеріден крахмал мен сірне өндіру технологиясын көрдік.

Қызылорданың агро-индустриалдық өңір екендігін ескеріп, осындай өндіріс орнын облыста ашуды ұсынамыз. Бұл мақсатта Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарынан егістік алқабына жақын жерден зауытты орналастыруға қолайлы, белгіленген жер учаскелерімен танысып келдіңіздер.

Арнайы топ жасақталып, инженерлік инфрақұрылымға, теміржолға, экологиялық, санитарлық мәселелерге қатысты, тағы да басқа сұрақтарға жауап алдыңыздар.

Біз әрбір инвесторға қолданыстағы заңнама аясында жер телімін беруге, даму институттары арқылы қаржыландыру құжаттарын рәсімдеуге және әкімшілік қолдау көрсету бойынша толық сүйемелдеуге әзірміз, - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Өз кезегінде Закиржан Кузиев бұл бастамаға қолдау білдіріп, бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

Қызылорда өңірінде 286 мың гектар суармалы жер бар, оның 178,6 мың гектары - инженерлік жүйеге келтірілген ауыспалы егіс алқаптары. Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы өнім көлемін екі есеге арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, облыста суды аз қажет ететін дақылдардың көлемі ұлғайып келеді. Мәселен, биыл жүгері дақылы 2 490 гектарға егіліп, өткен жылмен салыстырғанда 415 гектарға артқан.

## ӘКІМ ТӨТЕНШЕЛІКТЕРГЕ АЛҒЫС АЙТТЫ

***Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қаладағы "Тағзым” алаңында күрделі вегетациялық кезеңде өңірлерден көмекке келген төтенше жағдайлар саласының қызметкерлерімен кездесті. Оған Парламент Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетов, ел ағасы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Нұрлыбай Ұлықбанұлы арнайы қатысты.***

Кездесуде аймақ басшысы өңірлерден арнайы келіп, егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуге қолдау көрсеткен төтеншеліктерге алғысын білдірді.

– “Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді дана халқымыз. Барлық өңірден арнайы келіп егіс алқаптарын сумен қамтамасыз ету жұмыстарына көмек еткендеріңіз Сыр елі диқандарын қуантты.

Диқандар үшін ең маңыздысы – судың толық және мерзімінде жеткізілуі. Сол қажеттілікті дер кезінде қамтамасыз етіп, елдің ырысы мен берекесіне үлес қосқандарыңыз – үлкен еңбектің, елге деген адалдық пен шынайы жанашырлықтың айқын көрінісі деп білеміз.

Мемлекет басшысымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бәріміз – бір елдің азаматымыз. Тарих тоғыстырған тағдырымыз бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қарашаңырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз» деген болатын.

Біздің мақсатымыз – Әділетті Қазақстанның адал азаматы болу. Тәуелсіз Қазақстанымыздың болашағын бірге жасау.

Еліміздің айбынын асырар ер-азаматтарымыз, сарбаздарымыз аман болсын!Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!”,- деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Басқосуда Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Сейтқалиұлы сөз сөйледі. Ауыл шаруашылығы саласының ардагері Нұрлыбай Ұлықбанұлы батасын берді.

Өңірлерден келген төтенше жағдайлар қызметкерлері Су ресурстары және ирригация министрінің, облыс әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар осы жиында төтенше жағдайлар қызметінің арнайы техникасы мен құрал-жабдықтары таныстырылды. Мамандар олардың мүмкіндіктерін, төтенше жағдай кезінде қолдану тәсілдерін көрсетті.



Құтқару жұмыстарында пайдаланылатын заманауи жабдықтардың артықшылықтары мен тиімділігі түсіндірілді.

Қызылорда - еліміздің күрішке сұранысының 90%-ын қамтамасыз ететін бірден-бір өңір. Биыл 189 600 гектар ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, оның 80 900 гектарына күріш себілді.

Сырдария өзенінің суын тиімді пайдалануда кешенді шаралар атқарылуда. Күріш мелиоративтік дақыл болғандықтан, су шығынын азайтудың тиімді жолы - лазерлік тегістеу. Биыл лазерлік тегістелген егіс көлемі 60 мың гектарға жетті. Бұл суармалы суды 20% үнемдеуге мүмкіндік береді. Магистральді және шаруашылықаралық каналдар арқылы егіс алқаптары бекітілген кестеге сәйкес кезекпен суарылуда.

Су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы егілетін егіс көлемі былтырғыдан 3700 гектарға артып, 8100 гектарға жеткізілді. Бұл жұмыстарға шаруашылық құрылымдарының, «Қазсушар» облыстық филиалының, елді мекендердің меншігіндегі 299 су насосы жұмылдырылды. Президент тапсырмасына сәйкес су тапшылығы жағдайында Үкімет резервінен 53 жылжымалы дизельді насос алуға 1 млрд. теңге бөлініп, алғашқы легі облысқа жеткізіліп, шаруалар игілігіне пайдалануда.

Қосымша насостарға қажеттілік туындағанда, Төтенше жағдайлар, Су ресурстары және ирригация министрліктерінің үйлестіруімен еліміздің барлық өңірінен 139 қызметкер, 25 насос қондырғысымен көмекке келді.

# ПЕРІ МЕН ПЕРІШТЕ

**Д.ИСАБЕКОВ**



– Құлахмет ағай, бұл сіз бе?

— Иә, мен. Боранды қарашы, ұли соғып тұр.

Мен сыртқа құлағымды тіктім. Шынында да, қарлы боран уілдеп, үй төбесі мен терезенің жабылмай қалған сыртқы қақпағын жұлқылап тұр екен.

— Сіз немене, бораннан қорқасыз ба?

— Жо-жоқ, - деді ол менің кереуетіме келіп отырып. – Мен… мен түс көрдім. Сафура келген екен ғой деймін. Ол бұрынғысынан да құлпырып кетіпті, бірақ, екі көзінен жас парлап тұр. Ол мені көрмейді. Екі қолын міне, былай етіп созып алып: «Құлахме-ет, қайдасың!» — деп айғайлайды. Мен: «Мұндамын, көгершінім, мұндамын» деп жауап беремін. Ол маған сонда да бұрылып қарамай айғайлай береді. Бір кезде жетіп барып қолынан ұстаймын. О-о, сұмдық-ай десеңші, оның әлгінде жас сорғалап тұрған екі көзі ағып түсіп, орнында үңірейген қуыс қана қалыпты. Мен қорыққаннан айғайлап жіберіп, шегіне беремін, ол қолын созып жақындай түседі. «Жарығым-ау, сен не боп кеткенсің, көзің қайда? - деймін қалшылдап. «Мен оны өзім ойып тастадым. Түк те ауырмайды екен. Содан бері ештеңе көрмеймін, жаманды да, жақсыны да көрмеймін, - деп ол жақындап келеді. — Міне, құлағымды да кесіп тастадым, енді ештеңе естімеймін, өз бетіммен өмір сүремін. Сен де солай ет. Қорқасың ба? Қорықпа, ауырмайды дедім ғой мен саған. Әкел, мен ойып тастайын». Менің Сафурам күлімсіреп, екі саусағын көзіме төндіріп келеді. Оның саусақтары қыздырған найзадай, қорқынышты. «Жо-жо-жоқ, керек емес, мейлі, жаманшылық болса да өмірден бәрін көріп өтейін» деп бұрышқа тығыла түсіп, оның саусақтарын кері итеремін. «Ә-ә, солай ма, ендеше, еркің білсін. Бірақ, ойлан, тағы да келемін» деп есіктен жайлап шыға берді. Қолыма қарасам, екеуміз үйленген кездегі неке жүзігі алақанымда қалып қойыпты. «Сафура!» деп айғайлап соңынан жүгіремін. Есік қатты жабылыпты. Мына біздің есік жаңбыр жауса ашылмай қалушы еді ғой, дәл солай, қанша итерсем де міз бағар емес. Жұдырығыммен соққылап, жатырмын, соққылап жатырмын… Оянып кеттім. Терезені жел жұлқып тұр екен. Сапар, айтшы, бұл не, жамандық па, жақсылық па?

— Менің апам, «түнде түс жорымайды» деуші еді.

— Сонда да, бір жолға айтшы, бұл не? Менің Сафурам неге жылайды, о сұмдық-ай, оның екі көзі неге ағып түскен, құлағын кесіп тастағаны несі? Менің қолымда жүзік неге қалады? Айтшы, жалынамын!..

Осы кезге шейін түс жорып көрген жан емес ем. Құлахмет ағай бәрібір бір жорамал айтқызбай қоймайтынын сезіп, бәрін жақсылыққа ұйғардым.

— Солай дейсің, ә! Ал, Сафура келді ме?

— Сафура?!

— Иә-иә, ол келді ғой?

— Атай көрмеңіз, ол келген болса сізге жолықпай қалай кетеді!

— Жоқ, сен менен әлдененi жасырып тұрсың.

Ол орнынан атып тұрды да шам жақты. Жарық түскен соң ғана байқадым, оның қазіргі түрі адам шошынарлықтай екен.

— Менің көзіме қарашы, - деді ол бетіме төніп. — Қарашы деймін. Мен оның жүзіне тура қарай алмадым. — Қарай алмайсың. Жо-оқ, сен менен бір нәрсені жасырып жүрсің. Сафура келді, сөз жоқ келді. Айтшы, ол келмесе суретті сен қайдан алдың?

— Қандай сурет?

— Нәзікеттің.

— Ә-ә, иә-иә. Оны… Сафура… хатпен жіберген… Мен оны ұмытып кеткен екенмін ғой. Тек сізді қуантайын деп.

— Ол басқа ештеңе жазбап па?

— Жоқ… суретті ғана салыпты.

— Өтірік, өтірік!

Ол айғайлап жіберді. Жалма-жан ауызғы үйге жүгіріп шығып қайта келді.

— Міне, мынау не?!

Оның алақанында жүзік жатыр еді. «Япыр-ау, Сафураның ұмыт қалдырғаны ма? Иә-иә, солай да болуы мүмкін-ау, ол ыдыс-аяқ жуып еді ғой, сол кезде шешіп қойған жерінен алуды ұмытқан болар».

— Бұл… не, жүзік пе?!..

— Бұл менің Сафурамның жүзігі! Мен әлгінде шкафтың үстінен тауып алдым. Не боп кеткен бұл, ең арысы сен де алдайын дедің бе, Сапар-ау!!.

Құлахмет ағай басын тізесіне қойып үнсіз қалды. Мен не істерімді білмедім. Оның әрбір осындай сәттерінде «қойыңыз» деп басу айта берудің, алдаусырата берудің мәні де, мағынасы да қалмаған секілді. Сафура! Сен неге келіп едің, неге ғана келіп едің бұл жерге? Біз өзімізше тыныш өмір сүре беретін едік қой, мың жылдай боп көрінетін ғұмырымызды ә дегенше-ақ сипап өтетін уақыт атты бар болғыр қайғы дегенді қас қаққанша-ақ көңілден өзі өшіріп ұмыттырмас па еді, ескіртпес пе еді! Уақыт — ханның да, қайыршының да, баршаның әміршісі ғой, бұлқынар едік те, асауға құрық түскендей шарамыз таусылған соң көнер едік те.

— Сен неге үндемейсің, - деді бір кезде Құлахмет ағай басын көтеріп.

— Менің… не деуім керек, не айтамын сізге?

— Сафура…

— Иә… Сафура келген. Мен оны жаңа ғана шығарып салдым.

Іштей арбасып, оны да, өзімді де азапқа салғанша, шындықты жасырмай айтып, оның көзіне бұдан кейін тура қарағым келді. Құлахмет ағай өз құлағына сенерін де, сенбесін де білмей қос жанары ұясынан шығардай боп селтиіп ұзақ уақыт тұрды да «Сафура, көгершінім-ау!» деп айғайлап жіберіп, бөлмеден жүгіре шықты. Сыртқы есік сарт етіп жабылғанда ғана мен оның іш киіммен далаға шығып кеткенін біліп, үй құлап келе жатқандай соңынан жүгіре жөнелдім. Құлахмет ағай сыртқы қақпаның алдына барып, тұсарлыққа жетіп қалған қар үстіне құлап түсіпті. Мен оны көтеріп әкеп төсегіне жатқыздым да, тез-тез киімін ауыстырып, көршілерге жүгірдім. Бір адам қала тұрып, дәрігер шақырмаса оның тағы да далаға шығып кетуі мүмкін. Дәрігер шақырып қайтып келгенімде екі көрші еркек келіп, оны көрпемен қалың етіп жауып тастапты. Құлахмет ағай әлі сандырақтап жатыр екен.

— Перішге адам еді, қор болды-ау байғұс, - деді екі шалдың бірі. — Өлейін деп жатса да әйелінің атын айтып сандырақтайды.

— Әйелі деп қайтесің, - деді екіншісі қолын сермеп, — сайқал демеймісің. Мұны осындай халге жеткізген сол жезөкше. Бұл қаланы былғап болды да екінші қалаға ауысты. Аман болса ол жақта да талай әйелдің баласы әкесіз қап, талайы тірі жесір отырған шығар.

— Қатын дегеннің қай-қайсысы болса да осы ғой. Қалтада ақшаң, басыңда бедел болмаса төсегіңнің сууы оп-оңай. Анау Бестөренің баласын қарамаймысың, орнынан түсіп, жұмыссыз қалып еді, мойнына жыландай оралып жүрген қатыны басқа біреуге тиді де кетті. Кейіннен іс қайта қаралып, ақталып шықты. Сонан кейін не болды де? Бір күні баяғы қатыны диуана құсап сүмірейіп келіп тұр дейді. «Өмір дегенді түсіну қиын екен, қателесіппін. Жаза баспайтын пенде бола ма, кешір мені» дейді. «Өмір дегенді түсіну қиын екен» деуін көрдің бе, сайқалдың. Ондайлардың бәрі әліне қарамай өмір жайлы толғанғыш келеді, тағы да.

— Олар қайта қосылды ма? - дедім шыдай алмай.

— Неғыл-ға-ан! Бестөренің баласы ондай емес, ит қосып қуып шықты тура. Онда да дәл осындай боран еді. Содан кейін қатыны қарасын батырды. Не бетімен келеді?!

— Қатыгез екен.

— Кімді айтасың?

— Әлгі Бестөренің баласын айтам.

—Неғылған қатыгездік. Нағыз арлы жігіт деп соны айту керек. Сеніңше, немене, басыңа іс түскенде қара бастың қамымен қалталы біреудің аузын аш иттей жалап-жалап, бұрынғы дәулетің қайта оралғанда қайта келген қатыныңды алақанға салу керек пе?

— Осылай шешенсудің қажеті қанша? Әр нәрсенің себебі бар емес пе?

— Себебі — жезөкшелік! - деді маналы бері үнсіз тұрғаны сөзге араласып.

— Айтшы өзің, мына Құлахметтің әйелі қайтып келеді ғой деп ойлайсың ба?

— Несі бар, келсе келер. — Бұл үндемей күтіп алады?

— Адам баласында кешірім, мейірім деген болу керек қой, ол болмаса несіне адам боп жаралады.

— Есектің миын жеген екенсіңдер онда. Ақымақ екенсің! Сафура бар ғой, әлгі мына кісі айтқан сайқалдың тап өзі.

— Не дедіңіз, қайта айтыңызшы.

— Сайқал дедім, е, неменеге еліресің сонша, өтірік пе?

— Әттең, сақал сыйлайтын қасиетіміз бар, әйтпесе… Шығыңыз, кетіңіз бұл үйден!

— Жұмеке-ау, мына бала не деп тұр. Шығыңыз дейді, ә? Қайдағы біреудің жоғын жоқтайтын кімсің өзің, қайдан келгенсің? Сақалдан алмақ ойы бар тағы. Шығар, шығар сендерден. Сендер деп оққа ұштық, сендер деп қанымызды төктік, Құлахмет жатыр әні, сендер үшін бір қолын неміске беріп. Өскен соң жағамыздан алып, сақалымызға жармассын деп қорғаған, жұл сақалымды, жұл!

Оның екі көзі шатынап, қолдары дірілдеп маған төніп қалды.

— Баламен бала боласың ба, Қосе-еке, қойсаңшы.

— Неғылған бала бұлар, барып тұрған бәле. Сендер үшін жан береміз…

Біздің жанжалымызды Құлахмет ағайдың «Қос-еке» деген даусы бөліп жіберді. Мұғалім кіріп келген ликбез оқушыларындай тына қалдық.

— Қос-еке, - деді ол тағы да баяу үнмен.

— Біз… соғыста болғанымызды… несіне міндетсиміз… Ол парызымыз ғой… Егер басына күн туса… елді осылар… Өһо-өһо… осылар қорғамай, кім қорғайды. Сіз бе, әлде өлгелі жатқан мен бе? Сонан соң, сіз әлгінде… «сайқал» дедіңіз бе?

— Ім-м… айтқаным рас еді…

— Бері келіңізші.

— Не дедің?

— Бері келіңізші деймін.

Бәріміз үнсіз тұрмыз. Әлгі кісі басқан жері ойылып кетердей оған жайлап жақындады.

— Құлағыңызды әкеліңіз.

Ол еңкейе бергенде Құлахмет ағай оның бетіне бір түкіріп: «Басқа істер шамам жоқ, қайтейін» деді. Ол басын көтеріп алып орамалымен бетін сүртті.

— О-о, тірі өлік! Сенің кеудеңде де намыс бар ма еді! Жаным ашып келіп ем, өлгелі жатып бетіме түкірдің-ау. Таңға жетпей өмірем қабарсың, әруағы атар сені сақалдың! Осы жатқаныңнан тұрмассың…

— Бәрібір емес пе. Өһо-өһо… Менен кейін… қанша жасармын дерсің. Мың жасасаң да… өлгендер үшін, тірі сенің өмірің қас қағымдай болмайды… Маған тағы жақындайсыз ба, әлде… өзім тұрайын ба?

Әлгі кісінің бойын қорқыныш билеп, алды-артына қарамай есіктен шыға жөнелді. Маналы бері не істерін білмей аңырып тұрған екінші көрші Құлахмет ағайдың жанына жетіп барып:

— Кешір Құлахмет! Қайдағы жоқ қысыр әңгімені қозғап нем бар еді, мені ұрып өлтіретін адам жоқ, - деді дірілдеп.

— Ә-ә, сіз бе едіңіз, Жұмеке. Кешірем ғой, өмірде кешірілмейтін не бар дейсіз. Тәйірі, кешірмегенде оны шауып алармысың… Бірақ лажы болса ешкімнен кешірім сұрамау керек қой… кешірім сұрайтындай қылмыс жасамау керек. Айтыңызшы, менің Сафурам әлгі кісі айтқандай шынымен күнәкар ма?

— О не дегенің! Олай деп… құдай сақтасын…

— Өтінемін сізден, сол құдайыңыз бұдан былай да сақтай берсінші. Оған тіл тигізбеңдерші. Жұмыр басты пендеміз ғой бәріміз де…

— Дегенің болсын. Ал, өз басым… әлгіндей деп ойлаудан аулақпын.

— Онда, тілеуіңізді берсін.

* * *

Құлахмет ағай ауруханаға түсті. Мен оның артынан үзбей барып тұрдым. Кейде ол: «Қолың тимейді ғой, уақытың тығыз болса жиі келмей-ақ қой» дейді. Ал, бір қауырт жұмыс киіп кетіп, екі күн көрінбей кетіп, үшінші күні барсаң «келдің бе, әйтеуір. Сенен басқа жанашырым болмады-ау» деп қамығып қалады. Қалай бармассың! Бір күні келсем ол күндегісінен де әлсіреп қапты. Мен барғанда ақырын көзін ашып: «Жұмысың қалай?» деді үйреншікті әдетпен. «Жақсы ғой». «Әке-шешең аман ба?» «Шүкір». «Хат жазып тұрасың ба?» «Әлбетте». «Ал, өзіңіз қалайсыз?» Ол әлсіз қолдарын сәл көтерген боп, «осы ғой» дегендей еріндерін күбірлетеді.

— Сапар, сен хат жазшы, - деді бір кезде ол.

— Қайда?

— Орынборға. Өзім айтып отырамын.

— Сіз әлсізсіз ғой, басқа бір кезде жазсақ қайтеді?

— Жоқ, қазір. Өзім жазбасам, олардың хабарласатын түрі жоқ.

— Жарайды, айтыңыз.

Мен қағаз-қаламымды дайындадым. Құлахмет ағай біраз ойланып жатты да: «Құрметті Әбсамат!» деді.

— Жаздың ба?

— Иә. «Аман-есенсің бе? Бала-шаға аман ба? Қызметің бұрынғыша ма? Әбсамат-ау, неге хат жазбай кеттің? Тіршілік шіркін адамға бауырды да ұмыттырады екен ғой. Көріспегенімізге тоғыз жыл болыпты. Содан бері екі-үш-ақ рет хат жазысыппыз. Есіміз кіріп, азамат болғанымыз-ау, бұл да боса! Балапан басымен, тұрымтай тұсымен, әркім өз бетінше жанталасып жатыр… Қой, құрысын бәрі де, тек, қайда болсақ та аман болайықшы, айтып-айтып келіп тірелетін, көңіл жұбататын жеріміз де осы «аман болайықшы» ғой. «Ағайынды құдай алыстан сыйластырсын» деп қазақ бекер айтпаған шығар, сол мақалды екеуміздің бұзып алмай жүргенімізге шүкір. Иә, денсаулық қалай? Баяғы терезе сындырып, мысықтың мұртын өртеп жүретін Әнәпия сырықтай жігіт боп кеткен шығар? Ол мені ұмытқан жоқ па? Соңғы кішкентайлар нешеу, олардың аттары кім — оны да білмеймін. О, құдай-ай десеңші, не боп барамыз түге? Мен тіпті, сенің әдірісіңді де ұмыта жаздаппын. Бәлкім, осы уақытқа дейін басқа үй алып кеткен шығарсың да, бұл хатым сенің қолыңа тимес. Әбсамат! Қазір менде өзіңнен басқа жақын-туыстан ешкім қалмады. Бір анадан тумасақ та, әкелеріміз ағайынды ол байғұстар, ойлады ма? Адам баласы бір-біріне өкпелегіш келеді, бірақ, мен саған пәлен демеймін. Бұл хатты саған өкпелеп емес, жалғыз қалғанымды білдіру үшін жазып отырмын. Талайдан бері сол жаққа барсам, жалғыз туысым өзіңмен көрісіп, іні-қарындастардың арасында болсам деген ойда жүруші едім, денсаулығымның нашарлығы аяққа кісен салып, төсекке таңып тастады. «Жалғыз қалғаны несі, әйелі мен қызы бар демеуші ме еді?» - деп отырған шығарсың. «Менің… менің Нәзікетім мен… Сафурам…»

Құлахмет ағай ар жағын айта алмай, көмейіне әлдене кептелгендей қабақ шытып, жұтына берді. Мен оған бетімді бұра алмадым.

— Мен… мен жылап жатырмын ба? - деді ол сәлден соң. - Сен оған көңіл бөлмей-ақ қой. Қайтемін, шыдатпай барады. Көптен бері өзімді-өзім алдап келдім. Адамның өзін-өзі алдағаны азап екен. Енді, хатқа шындықты жазу керек, бәрін-бәрін мойындауым керек. Соған жасып жатырмын… Ал, ары қарай жаза бер. «Сафура кетіп қалды, алданышым, үмітім, бар қызығым Нәзікет те бірге кетті. Қайтып оралмайтын боп кетті…» Сен… сен жазсаңшы, неге бетіме қарап қалғансың, жаза бер. «Иә, сөйтіп, жалғыз қалдым, бауырым Әбсамат! Егер уақыттарың болса келіп қайтыңдар. Ал, уақытың болмай, жұмысыңа кесір келетін болса, қиналып қайтесің, әуре болма. Мені құдай алар деймісің, ала қалса да өкінерім жоқ, әйтеуір оның да көзіне бір түсіп, қажетіне жарағаным болар. Қош, бауырым, амандықпен жолығайық. Өзіңді асыға күтуші інің Құлахмет. 1965 жыл, 17 январь» — Айтпақшы, Сапар-ау, ұмытып барады екенмін. Балжан, Балжан туралы сұрауды ұмытып кетіппін ғой. Аяқ жағына қоса салшы. «Жолың түссе Балжанды да ерте кел. Қандай қыз болды екен, көріп қалайын».

Біз Орынбордан жауап тосумен болдық. Құлахмет ағайдың мен барған сайын алдымен сұрайтыны да осы жайлы. Арада ай өткен соң ол ағасынан күдер үзе бастады. «Ұмытқаны-ау, шынымен-ақ! Енді менің бауырға да керегімнің болмағаны ғой, ажалыңнан бұрын өлу деген осы екен, ә!» деп қатты қапаланумен болды. Тағы бірде: «Бәлкім, ол хатты алмаған да шығар. Әйтпесе, құс боп ұшып келмес пе?» дейтін. Сөйтіп, маған екінші рет хат жаздырды. Оған да жауап болмады. Құлахмет ағай қатты күйзеліп, бұрынғысынан бетер арып кетті. Бір күні барсам ол биік жастыққа басын қойып, терезеден сыртқа қарап жатыр екен. Қасына барып отырғанымды да, «халіңіз қалай?» деген үйреншікті сұрағымды да елемеді. Сидам-сидам ағаш бұтақтарының арасынан сығалап, аппақ қарлы көкжиектің ар жағына қызарып құлап бара жатқан қыстың жылусыз күнінен көз алмай жата берді. Ақ қардай жамылғы астынан қылтиып көрінген басы болмаса, былайғы жағында дене жоқ екен деп ойлап қалуға болар еді. — Маған… маған несіне келе бересің? деді бір кезде еріндерін күбірлетіп. — Көбі кетіп, азы қалды ғой, ұзаққа созылмас, әзірге алдай тұрайын деймісің?

— О не дегеніңіз, Құлахмет ағай! Онда мен ренжимін… Қалай, тәуірмісіз әйтеуір?

— Тәуір болып қайтемін. Кім үшін, не үшін тәуір боламын? Біреуге зияннан басқа тигізер пайдам жоқ, қайта тұрып не табам? Егер мен болмасам сенің де мазаң кетпес еді, өз шаруаңды істер ең, міне, саған да кесірім тиіп жатыр. Өліп кетсем құда да тыныш, құдағи да тыныш. — Айтшы, о дүние деген бар ма осы?

— Құлеке, бұлай дей көрмеңізші, өтінемін сізден.

— Ә-ә… жоқ қой. О дүние дегенді жоққа шығардық емес пе? Сонымыз бекер болған екен. Адам сонда өлімнен мұншалықты шошынбас еді. Өлім деген қандай қорқынышты, Сапар! Түсімде мен соғыста қайтыс болған досыммен құшақтасып, сүйісіп жатырмын. «Әй, Құлахмет, сол кезде өлуің керек еді ғой сенің. Сонда несіне тірі қалдың?» деп мені қыса түседі. Жан-жағымның бәрі өлген адамдар. Маған біреуі кеп табақ тартады. Ал мен… асығыс, қарбытып жеп жатырмын, жеп жатырмын. «О дүниенің тамағы қандай дәмді?» деп тамсанып қоямын. Кенет… әлгі жеп жатқан тамағым инеге іліп алар еті жоқ, қу сүйек бір шалдың миы екен. Әлгі шал көзін ашып: «Сен менің миымды жұтпастан неге түкіріп тастап отырсың!» деп тұра қуады. Мен қашып келемін. Аяғыма тұсау салынғандай жүрісім өнер емес. «Мә саған ми, мә саған ми!» деп әлгі шал уыс-уыс миын өкшелете лақтырып келеді. Өстіп жатып оянып кеттім. Қара су боп терлеп, әбден қалжырап қаппын. Ажалдың да жақын қалғаны-ау…

— Жоқ, сіз одан құтылып кетесіз. Өйткені, сіз қашып келе жаттыңыз ғой.

— Сапар, айтшы, шынымен бәрінің біткені ме? — деді ол тағы да менің сөзіме мүлде байланыссыз сөйлеп.

— Ненің?

— Өмірімнің. Бар болғаны осы-ақ па? Бір бұрауға келмейтін қандай қысқа өмір? Не тындырдым? Үйленгенше даң-дұң өмір. Үйленген соң жиырма бір жасымда соғысқа аттандым. Одан кейін үй тірлігі. Әйелмен, баламен айырылысу. Сонда өстіп, нөсердей төгіп-төгіп өте шыққаны ма? Адам жас кезде осыны неге ойламайды, күні ертең дүниеден ғайып болатынын неге түсінбейді? Сонда ол өмірді мүлде басқаша құрар еді ғой, мүлдем басқаша. Ең болмағанда өз сүйегі қурағанша жұрт атыңды еске алатындай артына бір нәрсе қалдыруға тырысар еді-ау! Егер адам баласы өлім жайлы күніне бір ойланатын болса, өмір дегеннің қаншалықты қымбат екенін, оның екінші қайтып мәңгі, мәңгі-мәңгі оралмайтынын сезінер еді, сөйтіп, оны жас баладай алақанға сап аялар еді, бір-біріне жауыздық емес, жақсылық қана жасап, қонақтай сыйласып өтер еді. Әтте-е-ең, не керек, ақылды жаралған адам баласы бұл жайды өмірінің соңғы сағатында ғана ұғынады. Егер дәл осындай күйге түспей, жалғанды жалпағынан басып жүрген жан болсам, мен де бұлайша толғанбас па ем. Жо-жоқ, мен өлімді ойлап күңіреніп жатқаным жоқ, ештеңе бітірмегеніме күйзеліп жатырмын. Тірлігімде бір адамды да қуанта алмай, үш мезгіл тамағымды ішіп қана ғұмыр кешетініме қынжыламын. «Ауырған соң ойшыл бопты ғой» деп таңданып отырған шығарсың, оның рас, бәріміз басқа түскенде ғана баспақшылмыз.

— Құлахмет ағай, кешіріңіз, ештеңе бітірмедім деуіңіз қалай? Соғыста болдыңыз, ел-жұртыңыздың болашағына бір қолыңыз бен бүкіл денсаулығыңызды айырбастап қайттыңыз. Бір адам үшін бұл аз ба?

— Еһ, ол өткен күн ғой, және де жалпыға бірдей міндет. Мені қынжылтатын алдағы өмір, қалған өмір! Бар үмітім Нәзікет еді, ол да кетті.

Осы кезде қасымызға дәрігер келіп, науқастың көп сөйлеуіне болмайтынын, менің тез кетуімді сұрады.

* * *

Бірнеше күннен кейін Орынбордан сарғая күткен хат та келді. Әбсамат осы жаққа жүргелі отырғандарын, бірақ, өзі қызмет ететін мекеменің бастығы әзірге жоқ болғандықтан әлі сұранбағанын, сол себепті қай күні шығатындықтарын дәл айта алмайтынын жазыпты. Мен Құлахмет ағайға хатты әкелгенімде ол қуанғаннан төсегінен ұшып тұрып, бір парақ қағазды кеудесіне ұзақ басып жатты. Сонан соң, бар болғаны он шақты-ақ ауыз сөз жазылған осы бір жалғыз бет сараң қағаздан өзінің бұдан былайғы бар бақыты мен үміті, қуанышы мен ғұмыры күлімсіреп қарап тұрғандай, хатты дәл көзінің алдына әкеп мейірлене, сүйсіне қараумен болды.

— Құдай-ау, өзінің… дәл өзінің қолы, түк өзгермепті, сол баяғы әдеті, «т» мен «ш»-сын ажырата алмайсың. Ойпырмай, одан да хат келетін күн болады екен-ау!..

Жарты бетке толар-толмас хатты мен оған үш қайтара оқып бердім. Ол үшінші рет оқығанда да тұңғыш тыңдап отырғандай әр сөзін ежіктей сұрап, хаттың ең соңындағы «сәлеммен, бауырың Әбсамат» деген сөзді қайталай берді. — Шіркін-ай, сөзді сатып алған ба, көбірек жазса қайтер еді, — деді ол тамсанып. — Тегі, ол бар ғой, әуелден осылай, тоқ етерін айтады да «қош болмен» аяқтай салады. Тіпті, мен соғыста жүргенде де аңсап күткен хатыма айызым қанбай қалатын. Хатқа келгенде шорқақ-ау, шорқақ! Ал, іске келгенде… алдына жан салмайды. «Жақсы қызметкер мұнда да керек» деп өзін соғысқа да жібермей алып қалған. Ал, хат жазу дегенде, — ол қолын сермей күлді, - тіпті қырсыздың қырсызы. Апырмай, келетін күнін айтпағанын қарашы. «Осы айдың аяғына дейін барып қаламын» — депті, ә. Бүгін… Он төрті ғой. Құдай-ау, келетін кезі де боп қапты ғой. Екеуміз осылай хат оқып отырғанда ол жолда келе жатқан шығар-ау. Айтқан уақытынан ертерек шығып қалуы да мүмкін ғой. Ұшады ғой ол мен дегенде, тура ұшады. Сырқат екенімді неге айттым екен, уайымдап жүрмесе жарар еді. Айтпақшы, Сапар-ау, олардың келуін күтіп осылай алаңсыз жата бермекпіз бе? Бір күні сау етіп жетіп келгенде оларды немен сыйламақпыз? Қара су, қара нанмен бе? Сонау жақтан інім бар деп келгендегі көрсетер сыйымыз сол болмақ па? Ертең демалыс қой, дүкен аралап, қызармай дастарқан жаятындай бірдеңелер алсаңшы. Міне, мұнда азын-аулақ тиынтебен бар еді, — деп ол жастығының астынан бет орамалына мұқият түйілген ақшаны ұсына берді. Мен алмаймын деп қарсылық көрсетпедім: өйтсем ол ренжиді, «немесе, мені бейшара деп аяйсың ба?» деп қатты налиды. — Аямай жұмсай бер, — деді ол ақшаны қарсылық көрсетпей алғаныма, алыстан келе жатқан бауырларының шығынын көтере алатынына іштей масаттанған үнмен. — Ал сен бар ғой, өзіңді сылап-сипап күтіп ұста. Балжан талғампаз қыз болуы керек. Ол бір үйдің тұңғышы ғой, сондықтан кінәмшіл.

– Сырттан тон пішіп қайтеміз, Құлахмет ағай, өмірдің өзі құлаққа қалай деп сыбырлайды, соны орындармыз. Бәлкім, біз бір-бірімізді жек көріп те кетерміз.

— Қалай, қалай-ай? Жек көріп дейді?! Сендер тек біреуді мақтаса-ақ болды, соны жек көруге дайын тұрасыңдар. Одан да ынтыға түссеңдер етті. Сен ғой оның бойынан қазір шектен тыс тәкаппарлықты, асқақтықты, мейірімсіздікті іздеп тұрсың. Жо-оқ, ол дұрыс емес, адамның бойынан қолыңнан келгенінше жақсылық іздеу керек, соны табу да керек. Өйткені, тірі адамның жүрегі тас емес қой, ал тас болмады дегенше, оның бір түкпірінде аяушылығы да, ізгілігі де бар деген сөз… Бұдан әрі қарсылассам Құлахмет ағай қалжырағанына қарамастан сөйлей беруге дайын. Сондықтан жай ғана езу тартып, қоштасып шығып кеттім.

*(Жалғасы бар)*



**Талсуат ауылдық округінде барлығы 498 отбасы тұрады. 2025 жылдың І-ші жартыжылдығына халық саны 2465 адамды құрап отыр. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 150. Тұрмысы төмен отбасылар саны 12. Жыл басынан бері туғандар саны 43. Зейнеткерлер 244. Жұмыссыздар саны 5.**

**Талсуат ауылдық округіннің әкімі Е.БЕЙСЕНБАЕВ:**

# СЫҒАНАҚ КӨШЕСІНЕ ТАС ТӨСЕЛДІ



Бюджет және салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстарға тоқталып өтсем, 2025 жылы ауылдық округтің бюджеті 160 млн. 539 мың 200 теңгеге жетіп отыр. Салық түсімдерінің жылдық жоспары 8 млн. 890 мың теңгеге бекітіліп, І-ші жартыжылдықта нақты 9 млн. 485 мың теңге түсім түсті. 2024 жылы І-ші жартыжылдықта 7 млн. 963 мың теңге түскен еді, енді 32,5% көбейіп, жылдық жоспар 106,7%-ға орындалды.

2025 жылы ауылдық округіміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында көптеген маңызды шаралар жүзеге асырылып отыр. Атап айтқанда ауылдық округте экономикалық белсенді халық саны 1253 адамды құрап отыр. Оның ішінде, жұмыс жасайтындар 1103 адам болса, өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған 150 адам бар.

Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатыстыру арқылы 2 азамат «Күміс жас» бағдарламасымен, 2 азамат жастар тәжірибесімен қамтылып, жыл басынан бері жұмыссыздар саны 5 адамды, жұмыссыздық деңгейі 0,5%-ды құрап отыр.

Мемлекет тарапынан 12 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалса, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен әлеуметтік жағынан аз қамтылған 30 отбасына азық-түліктей және басқа да қолдау шаралары ұйымдастырылды.

Кәсіпкерлікті қолдау бағыты бойынша ауылдық округ бойынша барлығы 191 кәсіпкерлік нысан жұмыс жасайды. Жыл басынан жаңадан 5 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, 1 тұрақты жұмыс орны ашылды.

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жыл басынан бір азаматшаның мүйізді ірі қара мал басын көбейту жобасы қолдау тауып, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы 2,8 млн. теңге несиеге қол жеткізді.

Сонымен қатар 5 ауыл тұрғыны – 7 млн. 864 мың теңге қайтарымсыз грант иеленіп, өз кәсіптерін бастады.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында 2025 жылы құны 43,5 млн. теңгені құрайтын 4 жоба қаржыландырылып отыр. Бағдарлама аясында кәсіпкер «Ет өндірісі, жұмысшы қолғап цехы, қымыз өндірісі, жартылай фабрикаттар өндірісі» жобасын жүзеге асыруда. Қазіргі таңда барлық жобалардың құрал-жабдықтары сатып алынып, жұмысшы қолғап, жартылай фабрикаттар өнімдерін шығаруда. 4 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Есепті мерзімде ауылдық округ бойынша барлығы 11ауыл тұрғыны 54 млн. 194 мың теңге қаражатқа қол жеткізіп, өз жобаларын жүзеге асыруда.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша үстіміздегі жылы барлығы 42 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары өсірілуде. Оның ішінде: 1,8 гектары картоп, 29,4 гектары көкөніс, 11 гектары бақша дақылдары.

Мал басы 3383 басты құрап отыр. Оның ішінде 1020 мүйізді ірі қара, 986 қой-ешкі, 522 жылқы, 20 түйе, 65 шошқа, 770 құс бар.

Биыл бірқатар инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда:

Атап айтқанда, ауыл тұрғындарының көптен бері көтеріп жүрген мәселесінің бірі болып келген ауылдық округ аумағында орналасқан әлеуметтік қызмет көрсететін 3 мекемеге жаяу жүргіншілер жолын салу мен көше жарығын жүргізу мәселесі өз шешімін тапты. Жобаның жобалық сметалық құжаттамасы «Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы» тарапынан әзірленіп, 2025 жылы қалалық бюджеттен толық көлемде қаржыландырылды. Жобаның жалпы құны - 75,8 млн.теңге.

Сонымен қатар 1-ші тұйық көшесіне түнгі жарық бағаналарын орнату бойынша жоба жүзеге асырылды. Жобаның жалпы құны - 2 млн. 341 мың теңге. №3 тұйық көшеге тас төсеу жұмыстары да жүргізілді. Бұл жоба бойынша бөлінген қаржы көлемі 13 млн. 279 мың теңгені құрады.

Оған қоса Жеңістің 80 жылдығы қарсаңына байланысты Тағзым алаңында абаттандыру және көркейту мақсатында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жоба құны 4 млн. 992 мың 152 теңге.

Жеке кәсіпкер Меруерт жеке массаж кабинетін ашып, толық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, халыққа қолжетімді бағада қызмет көрсетуде.

Сондай-ақ жеке кәсіпкер ЖК «Табын» Жуманова Алмагүл өз қаражаты есебінен көлік жуу нысанын іске қосып, ауыл тұрғындарына қолжетімді, әрі сапалы қызмет көрсетіп отыр.

Ақмешіт, Астана, Алматы, Отырар, Сауытбаев көшелеріне көше жарығын жүргізуге арналған жобалық-сметалық құжаттамалар толық дайындалды. Жоба құны – 51,9 млн. теңге. Қазіргі таңда бұл жоба бойынша облыстық энергетика басқармасы арқылы облыстық бюджетке өтінім ұсынылып, мемлекетік сатып алу конкурсы жарияланған. Жеңімпаз мердігер мекемелер анықталып, келісім-шарт жасалған, қазіргі уақытта қаржының бөлінуі күтілуде .

Құмкөл, Атырау, Ақмешіт, Нұрмағамбетов көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салу жобасына қатысты жобалық-сметалық құжаттары дайын. Жобаның жалпы құны – 53 млн. 911 мың теңге. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы арқылы облыстық бюджетке өтінім ұсынылған.Бұл жобаға мемлекетік сатып алу конкурсы жарияланып, мердігер мекемелер анықталып, келісім-шарт жасалған. Қаржысы күтілуде.

Сығанақ көшесіне тас төсеу жұмыстарын жүргізу үшін облыстық бюджетке өтінім берілген. Жоба құны - 22 млн. 44 мың теңге. Өтінім облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы арқылы ұсынылған.

Байкенжеев және Алматы көшелеріне балалар ойын алаңын орнатуға арналған жобалық-сметалық құжаттар әзірлену үстінде. Құжаттар дайын болғаннан кейін қалалық экономика және қаржы бөліміне бюджеттік өтінім ұсынылатын болады.

---

**Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Ш. АБДРАХМАНОВ:**

# ЕЛДІҢ ҰСЫНЫСЫМЕН АЯЛДАМАЛАР САЛЫНДЫ

Қызылжарма ауылдық округі бойынша 2025 жылдың 6 ай қорытындысымен бюджетте **125625,9 мың теңге** қаржы қаралып, **125523, 9 мың теңге** игеріліп, **99,9% пайызға** орындалды.

**САЛЫҚ ТҮСІМІ БОЙЫНША** 2025 жылдың 6 айында ауылдық округ бойынша салық түсімдерінің жоспары **29 414,0 мың теңгеге** бекітіліп, бүгінгі күнге салық түсімі **40 951,0 мың теңгеге** орындалып, пайыздық көрсеткіші **139,2%** пайызды құрап отыр.

**КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫ БОЙЫНША** Қызылжарма ауылдық округінде 2025 жылдың 6 айында **494** кәсіпкерлік субъекті тіркелген.

Жалпы 494 кәсіпкерлік субъектінің 1 ЖШС, 475 жеке кәсіпкер, 16 шаруа қожалығы және 2 ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі бар.

**2025 жылдың 6 айында «Аграрлық несие корпорациясы»** арқылы «**Жұмыспен қамтудың 2021-2025 жылдарына арналған жол картасы» аясындағы «Іскер» бағдарламасы** аясында 9**,0 млн.теңгені** құрайтын 2 **жоба** құжаттарын толық тапсырып, қаражаттарын алды. Сонымен қатар **«Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ЖШС-і** арқылы **9,0 млн. теңгені** құрайтын **1 жоба** қаржыландырылды.

2025 жылдың 6 айына **«2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба»** бағдарламасы аясында Жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант (400 АЕК) бойынша **10 жоба** жоспарлануда.

Сонымен қатар **«БАЙҚОҢЫР әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы»** акционерлік қоғамы арқылы бүгінгі күні 14,0 **млн.** теңгені құрайтын 2 **жоба** қолдау тапты.

**2025 жылдың 6 айында «Бизнес-Бастау»** оқу курсы аясында Қызылжарма ауылдық округінен 28 **адам оқытылып,** сертификаттарын алды.

Өзге де бағдарламалар аясында 37,0 **млн. теңгені** құрайтын 6 **жоба** қаржыландырылды.

Ауылдық округ бойынша 16 (он алты) шаруа қожалықтары бар. Тіркелген шаруа қожалықтары әрі қарай өз кәсібін жалғастыруға несиелендіру бағытында сүйемелдеу жұмыстары жүргізіліп отырады. Қазіргі таңда, аталған 16 (он алты) шаруашылық өз кәсіптерін жасауда.

Сондай-ақ, алдағы уақытта асыл тұқымды мал басы жобасы аясында 2 жоба ұсынылуда.

Сондай-ақ, ауылымызда қайырымдылық шаралары да тұрақты жүргізіліп келеді.

2025 жылдың 6 айында **қайырымдылық, қамқорлық акциялары** аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы және жалғыз басты 50-ға жуық отбасыға азық-түлікпен көмек көрсетілді.

2025 жылдың 6 айында ауылдағы тұрмыс деңгейі аз қамтылған **98 отбасына** атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, жалпы сommасы **20 млн. 905 мың 100 теңге** қаржылай қолдау көрсетілді.

Қызылжарма ауылдық округі бойынша 2025 жылдың 7 айында Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қызылжарма ауылдық округіндегі көшелеріне түнгі жарық бағаналарын орнатуға **9 млн. 824,0 мың тенге** қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп, жұмысы жүргізілді.



Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға Қызылжарма ауылдық округіне 4 аялдама орнатуға **5,0 млн. тенге** қаралып, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп, 4 аялдама орнатылды.

Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға Қызылжарма ауылдық округіндегі көшелердің жарықтандыру бағаналарын күтіп ұстау **43 млн. 315,0 мың тенге** бөлініп, мердігер мекеме тарапынан тиісті жұмыстар атқарылуда.

Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге Қызылжарма ауылдық округінің санитарлық тазалығын қамтамасыз етуге **20 млн. 097,0 мың тенге** қаралып, мердігер мекеме тарапынан санитарлық-тазалық жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілуде.

Көлік жолдарының ой-шұңқырларын ағымдағы жөндеу жұмыстарына **800,0 мың теңге** бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде.

Сондай-ақ «Тағзым» алаңын абаттандыруға **25 млн. 263 мың тенге** қаралып, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Жергілікті бюджеттен қаралған 2 347,0 мың теңгеге ауылдық округтегі орталық көшелерге ағымдағы жөндеу және 2 787,6 мың теңгеге жол белгілерін, жасанды тегіс еместік орнату және жол таңбаларын салу жұмыстары жүргізілді.

Бұдан бөлек құрылыс бөлімі арқылы 3 ауыз су ұңғымсының құрылысын жүргізуге облыстық бюджеттен **282,9 млн.теңге** бөлінді. Қазіргі таңда, мердігер мекеме тарапынан құрылыс жұмыстары жүргізілуде.



**Жалпы жер көлемі 30 232 гектар.
Ауыл халқы 9326адам.
Экономикалық белсенді халық саны 6405 адам;
Отбасы саны 2296;
Тұрақты жұмысқа орналасқандар 1354;
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 1092;
Зейнеткерлер 645;
Жұмыссыздар 23;
Тұрмысы төмен отбасылар 36.**



Қалалық құрылыс бөлімі арқылы ауылдың шеткі аймақтары мен ауыл орталығындағы электр желісін тартуды қажет ететін жалпы ұзындығы 50 шақырымды құрайтын 67 көшеге республикалық бюджеттен **350 млн.теңге бөлінді**. Мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесімен “Сәт Сервис” ЖШС жеңімпаз атанып, электр бағаналарын орнату жұмыстары жүргізілуде. **Жоба жалпы құны 1 млрд. 915 млн. теңге.**

*Сұрағым бар...*

# САҚТАНДЫРЫЛҒАНДАР ҚАТАРЫНАН ШЫҒЫП ҚАЛМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

***Сақтандырылдым деп ойлап емхана табалдырығында тосылғандар аз емес. Кейбір азаматтар МӘМС жүйесіне қате төлем жасап, нәтижесінде мәртебесіз қалып қояды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры осы мәртебеге қатысты ең жиі қойылатын сұрақтар мен туындайтын жағдайларды түсіндіріп берді.***

- «МӘМС» туралы заңға сәйкес сақтандырылған мәртебесі өткен, немесе алдағы 12 айға төлем жасаған азаматқа беріледі. Соңғысын көбіне осы күнге дейін жүйеге бір де бір рет төлем жасамаған дербес төлеушілер аударады.

- «Дербес төлеушілер алдағы бір жылға төлем жасағанда көп қате жібереді. Кейбір азаматтар 12 айдікін бір айға төлеп қояды, жылын дұрыс таңдамайды немесе осы айдан жыл соңына дейін ғана төлеп, сақтандырылған мәртебесін ала алмадым деп хабарласады. Негізі айы мен жылын дұрыс көрсетіп, 1 жылға жеке-жеке төлеу қажет. Ал басқа мерзімге шатасып төлеп қойса, ақшаны қайтарып ала алады. Ол үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазып, түбіртектерін бірге тапсыруы керек», – дейді Қордың ресми өкілі Забира Оразалиева.

Тағы ескеретін жайт, егер ағымдағы айдың аяқталуына шамалы күндер қалса немесе осы айда медициналық көмекке жүгінуді жоспарламасаңыз, келесі айдан бастап төлем жасаған абзал. Яғни, 2025 жылдың қыркүйек айынан 2026 жылдың тамыз айына дейін төлеп, бір жыл бойы МӘМС аясында емделуге мүмкіндік бар. Сондай-ақ, халықтың экономикалық белсенді бөлігі МӘМС үшін төлем жасайды және оның айтарлықтай үлесін жұмыс берушілер мен қызметкерлер құрайды. Осы жерде ескере кететін жайт, жұмыс беруші бір күнтізбелік айдан асатын ақылы еңбек демалысы кезеңінде (мысалы, мұғалімдер) кірісті есептеу кезінде аударымдар мен жарналарды демалыс күндерінің санына тепе-тең есептелген кезеңдер бойынша бөле отырып, бір төлеммен жүргізу қажет. Ал жұмыскер ұзақ мерзімді курсқа кетсе немесе көп уақыт ауырған жағдайда сақтандыру мәртебесін жоғалтпау мақсатында сол айға дербес төлеуші ретінде (АЕК-тің 5%-ы, яғни 4 250 теңге) өздігінен төлеуі керек.

- «Сонымен бірге, 2026 жылдан бастап МӘМС жүйесіне қатысудың тұрақтылығын арттыру мақсатында маңызды норма енгізілмек. Бес жыл бойы тұрақты жарна төлеген адам қандай да бір себеппен төлем жасай алмаса, оның мәртебесі бұрынғы 3 айдың орнына 6 айға дейін сақталады, ал МӘМС жүйесіне 5 жылдан кем қатысқан жағдайда, сақтандыру мәртебесі сол 3 айдан аспайды», - деді Оразалиева.

Бұл өзгеріс тұрақты түрде жүйеге қатысып келген, бірақ уақытша қиындыққа тап болған азаматтарды қолдауға мүмкіндік береді.

Еске салайық, егер қосымша сұрақтарыңыз болса немесе медициналық көмек алуда қиындықтар туындаса, өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз. Сонымен бірге, Қордың өзіңізге ыңғайлы арналары арқылы өтініш-шағымдарыңызды қалдыра аласыз:

- msqory.kz ресми сайты;
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы;
- Telegramдағы SaqtandyryBot.

# ҚОСА ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Қоса қарыз алушы – қарыз алушымен бірге кредит шартына қол қоятын және оның орындалуына **ортақ жауапкершілік алатын** тұлға. Бұл қарыз алушы қарызды өтемеген жағдайда банк қоса қарыз алушыдан міндеттемелерді толық немесе ішінара орындауды талап етуге құқылы екенін білдіреді

Әдетте, қоса қарыз алушыны ипотека ресімдеу кезінде қарыз алушының банктен мақұлдау алуы үшін кірісі жеткіліксіз болған кезде тартады.

Нәтижесінде қарыз алушы мен қоса қарыз алушының кірістері қосылады, бұл кредитті мақұлдау мүмкіндігін арттырады. Алайда, қоса қарыз алушының жауапкершілігі қарыз алушының жауапкершілігіне тең болады: төлем мерзімін өткізген жағдайда банк қаражатты оның кез-келген шоттарынан есептен шығара алады, мүлкін өндіріп алады немесе сотқа жүгіне алады.

Кепілгерден (кепілдік берушіден) айырмашылығы, қоса қарыз алушының табысы кредит сомасын есептеу кезінде ескеріледі. Бұл ретте қоса қарыз алушының тәуекелдері жоғары болады: ол қарызды белгіленген кепілдік шегінде ғана емес, **толық көлемде өтеуге** міндеттенеді.

## Қоса қарыз алушы нені білуге тиіс?

Кредиттік мәмілеге қатысуға келісім бермес бұрын мыналарды:

шарт талаптарын мұқият зерделеу;

қарыз алушының төлем қабілетсіздігі жағдайында қарызды өтеу үшін қаржылық мүмкіндігін бағауы;

бірнеше қоса қарыз алушылар болса да шарт толығымен орындалғанға дейін міндеттемелердің сақталатынын ескеру маңызды.

Қоса қарыз алушы болуға келіспес бұрын, барлық тәуекелдерді мұқият бағалау қажет. Тәуекелдерге тиісінше баға бермей басқа адамға кредит ресімдеуге қатысу күрделі қаржылық салдарға әкелуі мүмкін.

# «ИЛОН МАСК ИНТЕРНЕТІ» ҚАНША ТҰРАДЫ?

Биылғы жылдың тамыз айының ортасынан бастап ел арасында «Илон Маск интернеті» аталып кеткен Starlink интернеті іске қосылды. Отандық байланыс операторларының желісі жетпейтін шалғай ауылдарда тұратындар енді Starlink спутниктік интернетін сатып ала алады. Сондай-ақ бұл интернет жиі саяхаттайтындар үшін де тиімді, себебі олар құрылғыны өзімен алып жүріп, кез-келген жерде интернетке қосылады.

Бұл интернетке қосылу үшін ең алдымен ресми дистрибьютор – IEC Telecom Groupқа құрылғыға тапсырыс беру қажет. Құрылғыларды Starlink-тің ресми сайтынан да тапсырыс беруге болады. Ол үшін Starlink ресми сайтына кіріп, «Order Now» батырмасын басып, жеке деректеріңізді толтырып тапсырыс бере аласыз. Құрылғы 1-2 апта ішінде жеткізіледі.

Құрылғының екі түрі бар. Біріншісі Starlink Mini. Бағасы 104 000 теңге, екіншісі Starlink Standard. Бағасы 201 000 теңге. Starlink Mini ыңғайлы, жеңіл болғандықтан жол жүргенде, саяхатқа шыққанда, ауылдың ішінде интернетті уақытша пайдалану үшін қолайлы. Ал Starlink Standard үйге, кеңсеге тұрақты пайдалану үшін тиімді, себебі интернет жылдам, әрі тұрақты. Standard антеннасы қуаттырақ және қолайсыз ауа райына төзімді.

Екі станцияға қуаттағыш құрал, кабель, негізгі құрылғы, WiFi роутер беріледі. Үйге арналған Residental Lite-тың жылдамдығы 45-130 Мбит/с. Бұл трафикті аз тұтынатын үй шаруашылықтары үшін қолайлы. Айына 23 000 теңге тұрады;

Residentalдың (жылдамдығы 100-270 Мбит/с. Айына 31 000 теңге. Бұл тариф көпбалалы отбасыларға, немесе көршілермен бірігіп қолдану үшін тиімдірек. Шағын отбасыға, интернетті аз қолданатындарға RESIDENTIAL LITE тарифі қолайлы.

Жолда көп жүретіндерге 50 ГБ-тық Roam қолайлы. Айына 26 000 теңге. Бұл тариф ел ішінде де, шетелде де қолайлы, бірақ кей елдерде интернет ұстамауы мүмкін. Roam тарифі ШЕКСІЗ, айына 52 000 теңге тұрады.

*"Ақшамның асханасы"*

## КЛАССИКАЛЫҚ ЛЕЧО

4 адамға арналған порцияны дайындауға 1 сағат уақыт кетеді.

**Қажетті заттар:**

1 келі болгар бұрышы, 1 келі қызанақ, 3 түйір бас жуа, 100 мл өсімдік майы, 50 гр. қант, 2 ас қасық ірі тұз, 1 шай қасық кепкен әшкөк, 1 шымшым қара бұрыш.



**Дайындалуы:**

Барлық қажетті заттарды даярлап аламыз. Болгар бұрышын, қызанақ, жуаны тазартып, кубик етіп тураймыз. Жуаны сарғыш түске енгенше өсімдік майына қуырып аламыз. Туралған қызанақты жуаның үстіне қосып, жұмсарғанша бұқтырамыз. Үстіне болгар бұрышын қосып, араластырып, әрі қарай бұқтыра береміз. 30 минуттай. Дайын болуына 5 минут қалғанда тұз, бұрыш, қант, кепкен әшкөкті қосып, араластырамыз.

Ыстықтай дайын шыны банкілерге салып, жауып тастаймыз.

## МЕКСИКАЛЫҚ ЛЕЧО

4 порцияға арналған мәзір.

**Қажетті заттар:**

1 түйір жасыл болгар бұрышы, 1 түйір қызыл болгар бұрышы, 600 гр. қызанақ, 1 бас жуа, 1 балғын кәді, 1 шымшым қызыл бұрыш, 2 ас қасық зәйтүн майы, $^{1}/2$ шай қасық ысталған паприка, $^{1}/2$ шай қасық орегано, 3 тіс сарымсақ, 4 ас қасық "Махеевъ" лечо кетпупы, 340 гр. қызыл фасоль, 340 гр. қалбырдағы жүгері.



**Дайындалуы:**

Жуаны кубик етіп тураймыз. Сарымсақты үккіштен өткіземіз, кәдіні де кубик етіп тураймыз. Болгар бұрыштарын да кубик етіп турап, бөлек ыдысқа салып қоямыз. Қызанақты 3 минут қайнаған суға салып аламыз да, үстінен мұздай су құямыз. Қабығы тез ашылады. Етін кубик етіп тураймыз. Шұңғыл ыдысқа зәйтүн майын құйып, жуаны қуырамыз, үстіне сарымсақты салып, 2 минуттай бірге қуырамыз. Содан соң кезек-кезегімен туралған көкөністерді саламыз. Бұрышты 2 минут қуырамыз. Кәдіні араластырып 10 минуттай бетін жауып қуырамыз. Тұзын, бұрышын, тағы да басқа дәмдеуіштерін, "Махеевъ" лечо кетчупын қосып, араластырамыз.

Содан соң қызанақты қосып, араластырып, қақпақсыз 5 минуттай бұқтырамыз. Қалбырдағы жүгеріні, қызыл фасольді қосып, қайнағанша араластырамыз. 2-3 минут бұқтырамыз. Тұзын, дәмін тексереміз. Ыстықтай да жеуге болады, немесе салқын тіскебасар ретінде пайдалануға болады.

## ТОМАТТАҒЫ ҚИЯР

3 порцияға әзірлеуге 1 сағат 20 минут уақыт кетеді.

**Қажетті заттар:**

2 келі балғын қияр, 1 ас қасық сірке суы, 1 бас сарымсақ, жарты ас қасық тұз, 80 гр. қант, 1 түйір болгар бұрышы, 1 бас жуа, 100 гр. өсімдік майы, 1 келі қызанақ.



**Дайындалуы:**

Негізі әбден піскен тәтті қызанақ болса жақсы. Қызанақ жуа, болгар бұрышын ет тартқыштан өткіземіз. Қиярды дайындаймыз. Қиярдың бәрі жарамды. Қай-қайсысы болса да 2 см-дей етіп дөңгелекшелеп кесеміз. Егер де қияр үлкендеу болса, бір дөңгелекті екіге бөлуге болады. Еттартқыштан өткен қызанақ, болгар бұрышы, жуа езіліп, қайнағаннан бастап 10 минут әбден қайнатамыз. Содан соң қиярларды қосамыз. Тұз, қант, өсімдік майын қосып, араластырамыз. Қайнағаннан бастап тағы да 10 минут қайнатамыз. Сірке суын, үккіштен өткен сарымсақты қосып араластырамыз. Тағы да 5-10 минут қайнатамыз. Оттан алып, банкілерге салып, қақпағын жауып, төңкеріп қоямыз. Үстін жабудың, қымтаудың керегі жоқ.

## БАКЛАЖАН САЛАТЫ

2 порцияға арналған. 1 сағат 30 минутта даяр болады.

**Қажетті заттар:**

1 келі баклажан, 4 түйір болгар бұрышы, 2 бас сарымсақ, 60 мл. 9%-дық сірке суы, 80 г. өсімдік майы, 1 ас қасық қант, 1 литр су, 100 гр. балдыркөк (петрушка).



**Дайындалуы:**

Баклажанды жуып, тазартып, түбін алып тастап, кубик етіп тураймыз. Баклажандар батып тұратындай етіп суға салып қоямыз. Тұз саламыз. Қайнағаннан бастап 7-10 минуттай тағы қайнатамыз. Сарымсақты, болгар бұрышын тазартамыз. Бір ащы бұрыш қосса, дәмі әдемі болады. Бірақ әркімнің өз қалауына қарай. Бұрыш, сәбіз, сарымсақ, балдыркөкті еттартқыштан өткіземіз.

Қайнаған баклажанның суын төгіп, қалған көкөністерге қосамыз. Бәрін әбден араластырып, қант, сірке суы, өсімдік майын қосамыз. Қайнатамыз. Баяу отта 15-20 минут тағы қайнатамыз. Асты күйіп кетпес үшін араластырып тұрамыз. Шыны банкілерге саламыз. Үстінен шамалы өсімдік майын құйса бос ауа қалмайды. Бірден жауып тастаған дұрыс. Банкілерді төңкермей-ақ, қымтап қоюға болады. Салқын жерде сақтаймыз.

## БҰРЫШТАҒЫ БАКЛАЖАН

1 порцияға арналған

**Қажетті заттар:**

2 келі баклажан, 1 келі қызанақ, 1 келі болгар бұрышы, 200 мл. өсімдік майы, дәміне қарай түйіршік тұз, 200 мл. 9%-дық сірке суы.



**Дайындалуы:**

Қызанақты ірілеп турап аламыз. Болгар бұрышын да, баклажанды 4-ке бөліп тураймыз. Алдымен ұзыншалап, содан соң көлденеңінен. Егер баклажан ірілеу болса тағы бөлуге болады.

Шұңғыл ыдысқа 100 мл. май мен 100 мл. сірке суын құямыз. Содан соң бір қабат етіп бұрыш саламыз, үстіне 1 қабат қызанақ саламыз. Содан соң 1 қабат баклажан салып, үстіне дәміне қарай тұз саламыз. Қақпағын жауып, қайнауға жеткіземіз, содан соң отты баяу етіп, баклажан жұмсарғанша бұқтырамыз. Баклажан жұмсарғаннан соң бірден банкіге жабамыз. Банкі толмай қалды. Не істейміз? Қақпағын жауып қойып, дәл жоғарыдағы әдіспен келесі порцияны әзірлейміз. Осылай жалғаса береді...

## ІНЖІР ТОСАБЫ

Дайындалуына 2 күн кетеді. 1 порцияға арналған.



**Қажетті заттар:**

1 келі інжір, 1 келі құмшекер, 2 ас қасық су.

**Дайындалуы:**

Інжірді тазартып аламыз. Содан соң інжір үстіне құмшекерді салып, су құйып, баяу отқа қоямыз. Құмшекер еріп, қайнағанша күтеміз. Тағы да 5 минут қайнатамыз. Көбігін аламыз. Оттан алып, суытамыз. Суыған соң қайтадан 5 минут қайнатамыз, тағы суытамыз. Осылай 4-5 рет қайнатамыз. Соңғы қайнатқанда қайнату мерзімін 10-15 минутқа ұзартамыз. Тосап дайын.

## ЛИМОН ТОСАБЫ

1 порцияға арналған

Қажетті заттар:

1 келі лимон, 1,5 келі қант, 2 стакан су.

**Дайындалуы:**



Лимонды жуып, қабығынан тазартамыз. Содан соң қайнаған суда 15-20 минут ұстаймыз, салқын сумен жуып, салқындатамыз. Бөліктерге бөліп, ішіндегі тұқымын алып тастаймыз. Құмшекерден қант сиропын дайындаймыз. Осы ыстық сиропты лимонға құйып, 24 сағат тұндырамыз. Содан соң арасына 8-12 сағат салып 3 қайтара қайнатып аламыз.

## КӘДІ МЕН ЛИМОН ТОСАБЫ

Дайындалуына 2 күн уақыт кетеді. 1 порцияға арналған

**Қажетті заттар:**

400 гр. қант, 1 түйір лимон, 1 келі кәді.



**Дайындалуы:**

Кәдіні қабығынан, сүйегінен тазартып аламыз. Ескеретін жәйт 1 келі кәді қабығынан, сүйегінен тазартылған таза салмағы. Кубик етіп тураймыз. Лимон қабығын үккіштің майда көзінен өткіземіз. Лимонның өзін кішкене төртбұрыштарға бөлеміз. Кәдінің үстіне құмшекер саламыз. 10 минут шамасында құмшекер ериді. Сосын отқа қоямыз. 45 минут қайнатамыз. Үстіне лимон мен үккіштен өткен лимон қабығын қосып, тағы да 15 минуттай қайнатамыз. Отты өшіріп, түнге қоямыз. Таңертең тағы 10 минуттай қайнатамыз. Отты өшіреміз. Кешке тағы қоюланғанша қайнатамыз. Содан соң банкілерге құйып, жауып тастаймыз.